БЕЙСЕНБІ
№91 (4339)
17.08.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БИЗНЕС БАСТЫ ДРАЙВЕРГЕ АЙНАЛСА ИГІ...

Қазір елімізде кәсіпкерлікті қолдау тетіктері жетерлік. Бір ғана «Бизнестің Жол картасы-2025» бағдарламасы аясында жаңа жұмыс орындарын құру және өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Бүгінде дүкен сөрелеріндегі Made in KZ деген белгісі бар тауарларды сатып алу да таңсық емес. Бірақ сарапшылар шағын және орта бизнестің өнеркәсіп драйверіне айналуына квазимемлекеттік компаниялар кедергі келтіруде деген пікірде. Тіпті, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Бұл туралы көп айтылды, бірақ бұл бағытта айтарлықтай өзгерістер болған жоқ», – деп ескерту де жасаған болатын.

Біраз жылдан бері биліктің негізгі экономикалық нысанасы ШОБ-ты жаңа экономикалық драйверге айналдыру болатын. Осыған сәйкес елдің стратегиялық құжаттарында Қазақстанның ЖІӨ-дегі орта бизнестің үлесін 2025 жылға қарай 15 пайызға дейін арттыру міндеті көзделген.

Көктемде бекітілген «Орта мерзімді кезеңге арналған экономикалық саясатқа» сәйкес, кәсіпкерлікке қатысты негізсіз талаптарды азайту үшін нормативтік-құқықтық актілерді қайта қарау жоспарланған. Құжатта бизнес пен мемлекеттің өзара іс-қимылын толық цифрландыру жоспарланған. Сонымен қатар шағын және орта бизнес өкілдері еңбекақы қоры мен салық есептік көрсеткіштерінің мөлшеріне қарай мемлекеттік қолдауға ие болмақ.

(Жалғасы 4-бетте)

ӨМІР ЖОЛЫ – ӨНЕГЕ

Бүгінгі сөз Жақып жайында. Кәдімгі Жақып Асанов. Жақсы жігіт. Жайдары. Жан шуағы маңайына төгіліп тұрады. «Қой асығы демеңіз, қолыңа жақса – сақа тұт. Жасы кіші демеңіз, ақылы асса – аға тұт» дейді біздің қазақ.

6 БЕТ

ҮЙ ЖИНАП, ҮЙІП АҚША ТАБАДЫ

Қазір адами құндылық та, сұраныс та заман талабына сай өзгерген. Табысы бар азаматтар үй тазалауға уақыт шығындағысы келмейді де, клининг қызметіне жүгінеді. Сәйкесінше, сұраныс бар жерде жаңа кәсіп көзі де пайда болған.

8 БЕТ

ТӨЛЕМ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТҮЙТКІЛ

Тараз қаласында еңбек демалысынан шыққан ұстаздар шу шығарды. №28 мектептің мұғалімдері «тамыз айында істеген жұмысымыздың өтемін толық ала алмайтын болдық» деп шырылдауда. Олардың айтуынша, оқу ордасының басшылығы мектепте құрылыс жұмыстары жүріп жатқандықтан, ұстаздарға тек айлық жалақы төленетінін айтыпты.

7 ▸▸

«КӨРШІ» ҚҰЛАДЫ, ТЕҢГЕНІҢ ХАЛІ ҚАЛАЙ?

Сонымен, осы аптада біздің қоғамды дүрліктірген кезекті бір оқиға болды. Ол біздің ел аумағынан тысқары өтіп жатқанымен, ел экономикасынан шет емес. Рубль қайтадан қатты құлдырай бастады. 14 тамыз таңертең Мәскеу биржасында доллар мен еуро тұрақты өсіп, 1 доллар 100,16 рубльге жетті. Бұл межеден ол 2022 жылдың 23 наурызынан бері алғаш рет асып отыр.

«ШОК ТЕРАПИЯ»: ЖОСПАРДАН ТЫС ШЕШІМ

Доллар/рубль жұбындағы текетірес тарихы Украинадағы соғыспен тікелей байланысты деуге болады. Нақтырақ айтқанда, ДХР мен ЛХР өздерін тәуелсізбіз деп жариялаған 2014 жылдан басталды. Оған дейін 35-40 рубльден аспай келген бағам 2015-тің басында 70 рубльге бір-ақ ыршиды. Содан бері бұрынғы қалпына төмендеген емес. Ал былтыр ақпанда «арнайы әскери операция» деген желеумен соғыс басталған шақта ол рекорд көрсетіп, 1 доллар 124 рубльге дейін барды. Бірақ көп тұрақтамай біртебірте қайтадан тең жартысына 60 рубльге дейін түскен еді. Ол кездегі еңсеруді сарапшылар Ресейдің 640 млрд долларлық резерві болғанымен түсіндірген-ді. Оның үстіне, Еуропа мемлекеттері Ресейге жаппай санкция салып, банк шоттарын бұғаттаған соң импорт азайып, соған сәйкес долларға деген сұраныс та аз болған.

(Жалғасы 4-бетте)

АРАЛАС МЕКТЕПТЕР АЛАҢДАТЫП ТҰР

Елімізде жыл сайын тіл мәртебесін арттыру жөнінде келелі кеңестер, жаппай жиындар өтіп, көптеген бағдарлама қабылданады, қыруар қаржы бөлінеді. Ал болашақ ұрпақтың мемлекеттік тілде білім алуына қаншалықты көңіл бөліп жүрміз? БАҚ беттерінде, әлеуметтік желілерде аралас мектептер туралы мәселелер аз көтеріліп жүрген жоқ.

5 ▸▸

ҚАНДАСТАР НЕГЕ ОҚУҒА ТҮСЕ АЛМАЙДЫ?

Жыл сайын елімізге әлемнің әр түкпірінен мыңдаған студент келіп білім алады. Олардың арасында қандастарымыз да бар. Жалпы, қиырдағы қазақтардың тарихи Отанында білім алуы 1994 жылдан басталған. Сол кезде қандастарға білім беруге 2 пайыз арнайы квота бөлінді. Қазір квота саны жалпы мемлекеттік гранттың 4 пайызын құрайды.

5 ▸▸

МАМАН ТАПШЫ САЛАЛАР ЕСКЕРІЛЕДІ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеудің ерекшеліктері туралы айтты.

Агенттік төрағасының айтуынша, үшінші рет өткізілгелі отырған іріктеудің ерекшелігі мемлекеттік аппараттың салалық кадрларға қажеттілігін ескере отырып, мақсатты іріктеу жүргізу болмақ. Осылайша, кезекті іріктеу 6 негізгі сала бойынша жүзеге асырылады: инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты, агроөнеркәсіптік кешен мен қоршаған ортаны қорғау, сыртқы саясат пен инвестициялар, экономикалық, қаржылық саясат, цифрландыру, сондай-ақ әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам.

Сондай-ақ биыл үміткерлермен әңгімелесуді міндетті түрде салалық орталық органдар өкілдерінің қатысуымен өткізу тәжірибесі енгізілуде.

Талаптарға сәйкес, іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, мемлекеттік тілді В1 деңгейінен төмен емес меңгерген ҚР азаматы қатыса алады.

Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі болу үшін үміткерлер 6 кезеңнен тұратын кешенді іріктеуден өтуі тиіс. Бірінші кезең – резервке іріктеуге қатысу үшін кандидаттардың құжаттарын қабылдау. Ол биылғы 1-30 қыркүйек аралығында pkrezerv.gov.kz арнайы ақпараттық жүйесінде және онлайн режимде жүзеге асырылады. Екінші кезең мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан тұрады. Тестілеу процесі аудио-бейне фиксациямен өтіп, прокторинг жүйесімен қадағаланатын болады. Үшінші кезең – ситуациялық тапсырмаларды шешу. Ол үміткерлердің таңдаған салалық бағыттарына байланысты ситуациялық тапсырмалар түріндегі нақты проблемаларды шешуге деген көзқарасын бағалауға бағытталған. Төртінші кезең – ассессмент орталығы мен құзыреттер бойынша сұхбат. Ассессмент-орталық Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының базасында офлайн форматта өтеді. Ол мінез-құлық индикаторлары арқылы кандидаттардың бойындағы белгіленген құзыреттерді анықтауға және бағалауды көздейді. Бесінші кезең – сарапшы комиссияның кандидаттармен әңгімелесуі. Комиссия құрамына мемлекеттік органдардың басшылары тартылатын болады. Алтыншы, соңғы кезеңде Ұлттық комиссияның отырысы өтіп, Президенттік жастар кадр резервіне үздік 50 кандидат қабылданады.

Атап өту керек, 2019 және 2021 жылдары резервке алынған 350 адамның 264-і мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарында жұмыс істейді, яғни жалпы санның 75%-ы жұмысқа орналастырылды. Олардың ішінде 128 адам орталық мемлекеттік органдарда, 38 адам жергілікті атқарушы органдарда, 57 адам ұлттық компанияларда, 41 адам адам өзге де ұйымдарда қызмет атқаруда. Сондай-ақ олардың қатарында 31 резервші саяси лауазымдарға, 6 резервші «А» корпусының лауазымдарына тағайындалса, бір резервист Мәжіліс Парламенті және 2 резервист мәслихат депутаты болып қызмет атқаруда.

ӘУЕЖАЙ ҚҰРЫЛЫСЫНАН НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Сыр өңірінің негізгі әуе қақпасы заманауи үлгіде бой түзеп, ел игілігіне пайдалануға берілетін күн де алыс емес. Бүгінде Б.Өтемұратов қорының ықпалымен «Қорқыт ата» әуежайында заманауи терминалдың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осы терминал құрылысымен танысып, атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп отыр.

Жалпы, өңірдегі қазіргі әуежай терминалы жылына 137 мың адамға қызмет көрсетуге негізделген. Онда жолаушыларға барлық жағдай жасалған. Дей тұрғанмен, заман талабына сәйкес халықаралық стандарттарға сай жаңа терминал салу қажеттігі көп жылдан бері өздігінен сұранып тұрған болатын. Соған сәйкес жаңа терминал салу ісі жедел қолға алынды.

Жоспарға сәйкес, жаңа терминал 220 мың адамды қабылдауға арналған. Ал жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейінгі межені құрайды. Яғни, жаңа әуежай халықаралық стандартқа сәйкес келеді.

«Әуежай құрылысының жалпы құны 33 млн АҚШ долларын құрайды. Негізгі алаңы 7 500 шаршы метр болатын әуежайда екі қабатты телескопиялық трап жұмыс жасамақшы. Әуежайда жолаушыларға, оның ішінде мүгедектігі бар жандарға да жағдай қарастырылған. Бұл тұрғыда эскалатор мен лифт қызметін іске қосу көзделіп отыр. Сондай-ақ жылдам әрі жайлы қызмет көрсету, өзін-өзі тіркеу бағандары, жүкті беруді өңдейтін автоматтандырылған жүйемен жабдықталмақ», – деп мәлімдеді облыс әкімдігі тарапынан.

Мәліметке сәйкес, заманауи әуежайға қажетті жеделсаты Финляндиядан жеткізіледі. Ал телескопиялық трапты Германиядан алғызыпты. Бір сөзбен айтқанда, құрылысқа қажетті құрал-жабдықтар түгелдей Еуропа елдерінен арнайы тапсырыспен алынады. Жеке меценаттың қаржысы есебінен бой түзеген жаңа терминал өңірдегі бірегей архитектуралық стильдегі жоба саналады.

«Сыр елінің негізгі әуе қақпасы саналатын жаңа терминал заманауи сипатқа ие болуға тиіс. Бұл тұрғыда әуежай басшысына қор өкілдерімен бірлесіп, терминал құрылысына қажетті жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру тапсырылды. Ең бастысы, құрылыс нысанының сапасы басты назарда болуы тиіс. Құрылыс жұмыстары 2024 жылы толық аяқталып, халықаралық стандарттарға сай жаңа терминалдың игілігін көретін боламыз», – деп мәлімдеді өз кезегінде облыс әкімі.

Жалпы, «Қорқыт ата» әуежайында жылына 1 400-ге жуық рейс орындалса, жаңа терминал іске қосылған сәттен бастап бұл көрсеткіш 3 000-ға жетеді деп күтіліп отыр. Соған сәйкес тасымалданушы жолаушылар саны 500 мыңға дейін артады деп жоспарланған. Сондай-ақ терминалда жүк тасымалының да көлемі артатын болады.

Мамандардың айтуынша, озық технология негізінде іргесі қаланған нысанды түгелдей металдан тұрғызу көзделген. Жобаны түрік компаниясы әзірлеген. Ғимараттың сыртқы беті әйнекпен әрленіп, темірмен қапталмақ. Ең қызығы, аспаннан қарағанда жаңа терминал ұшқын құстың көрінісін бейнелейтін болады дейді жоба авторлары.

Негізінен, жолаушылар терминалының жаңа ғимараты қолданыстағы әуежайдың аумағында орналасқан. Ғимараттың бірінші қабатының биіктігі шамамен 8 метрді құраса, екінші қабаты 6 метрге жуықтайды. Сонымен қатар жолаушылар терминалынан тіркеу орны, жалпы күту залы, билет кассалары, қоғамдық тамақтану орындары мен намазхана, ана мен бала бөлмесі және трансферлік жолаушыларға арналған зал, дербес тіркеу тіректерін ашу көзделуде.

Қазір жергілікті әкімдік тарапынан нысанға қажетті инфрақұрылым жұмыстары жүргізілуде.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

АСТАНАДА АНАДОЛЫ КӨШЕСІ ПАЙДА БОЛАДЫ

Елордада бірнеше көшеге жаңа атау беру ұсынылды.

«№28/1 жобалық көшеге Азияның батыс бөлігіндегі түбек, қазіргі Түркия аумағының ортаңғы бөлігі Анадолы атауын беру ұсынылады. Бұл ұсыныс – Мемлекет басшысының Түркияға ресми сапары аясында берілген тапсырма. Түрік елінде де Қазақстанның ақын-жазушыларына берілген көше аттары мен ескерткіштер аз емес. Былтыр желтоқсанда Анкара қаласында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ескерткіші орнатылғанын жақсы білесіздер», – деді Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп елорда мәслихатының отырысында.

Одан бөлек, спикердің мәліметінше, елордада Қорқыт ата көшесі пайда болмақ.

«Е33 жобалық көшеге түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау Қорқыт ата есімін беру ұсынылады. Бұрынғы Қорқыт көшесі Байқоңыр ауданында орналасқан болатын, алайда құрылыстың қарқынды жүргізілуіне байланысты ол көшеде де үйлер салынған. Бұрынғы Қорқыт ата көшесі небәрі 50 метрге ғана жуықтайтын көшеге айналған. Сондықтан қазаққа ғана емес, тұтас түркі жұртына ортақ тұлғаның есімін Нұра ауданындағы жаңадан салынған көшелердің біріне ауыстырып отырмыз», – дейді ол.

Сонымен қатар басқарма басшысы елордадағы индустриялық паркте орналасқан бірнеше жобалық көшеге жер-су атауларын беруді ұсынды.

«Қазір осы өндірістік аймақтағы жобалық көшелердің аты болмаған соң адамдар картаға Уиллиам Шекспир, Леонардо да Винчи деген сияқты аттарды қолмен енгізіп, жазып қойған. Халық шынында да осы көшелер аталған шетелдік тұлғалардың есімімен аталған деп ойлап жүр. Сондықтан оларға еліміздегі тарихи жер-су аттарын беріп, картаға сол атауларды енгізу қажет деген шешімге келдік», – дейді Сәкен Есіркеп.

ЛАГЕРЬДЕГІ БЫЛЫҚТЫҢ БЕТІ АШЫЛДЫ

Жетісу облысының прокуратурасы 9 балалар лагерінің қызметіне тексеру жүргізіп, олардың жағдайы заң талаптарына сәйкес келмейтіні белгілі болды.

Ведомство мәліметінше, Текелі қаласындағы лагерьлердің бірінде «Параноидты шизофрения» диагнозымен есепте тұрған медицина қызметкері анықталған.

Сонымен қатар Көксу ауданындағы «Қарлығаш» лагерінде санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға қайшы, балаларға арналған азық-түлік ветеринариялық-санитарлық сараптама және қауіпсіздік сертификаттарынсыз сатып алынған.

«Балаларға арналған күнделікті тамақтану нормалары сақталмаған. Ас мәзірінде жаңа піскен көкөністерден жасалған тағамдар қарастырылмаған. Лагерьлердің барлығында дерлік өрт қауіпсіздігі нормалары сақталмайды. Алғашқы өрт сөндіру құралдары – өрт сөндіргіштер мен өрт гидранттары жоқ, өрт кезінде эвакуациялық жолдардың кедергісіз шығуы қамтамасыз етілмеген», – делінген хабарламада.

Кейбір лагерьлерде мерзімі өткен дәрі-дәрмектер сақталған.

«Балалардың лагерьлерде тұруы мен бос уақытын өткізу жағдайы да техникалық нормалар мен қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейді. Негізгі (ғимараттар, үйлер) және қосалқы (ас үй, жуынатын бөлмелер және т.б.) лагерь ғимараттары тозған, күрделі жөндеуді қажет етеді. Алакөл ауданындағы «Шағала» лагерінде ойын-сауықтыру кешендері мүлдем жоқ», – делінген ведомство таратқан ақпаратта.

Тексеру іс-шаралары жалғасып жатыр. Барлық анықталған заңбұзушылық бойынша прокурорлық қадағалау шаралары қабылданады.

ПАРТИЯНЫҢ АРАЛАСУЫМЕН ДИЗЕЛЬ ОТЫНЫ АРЗАНДАДЫ

Егін ору науқаны қарсаңында партияның араласуынан кейін шаруалар үшін жеңілдетілген дизель отынының 1 литрі 250 теңгеге дейін төмендеді.

Көбіне-көп, өңір кәсіпкерлері үшін өз мәселесін орталық мемлекеттік органдарға жеткізу қиынға соғады. Бұл ретте «AMANAT» алаңында партия Хатшысы Эльдар Жұмағазиевтің төрағалығымен «AMANAT» филиалдары жанындағы Экономиканы, кәсіпкерлікті және аграрлық секторды дамыту жөніндегі өңірлік кеңестердің кеңейтілген отырыстары өткізілуде. Осылайша, биыл 11 тамызда Абай, Жетісу және Шығыс Қазақстан облыстарының кәсіпкерлері өз мәселесін құзырлы органдарға жеткізді.

Мәселен, Абай облысының шаруалары дизель отынының қымбатшылығына шағымдануда. Бұл туралы кәсіпкер, «Жан-Ер» ЖШС директоры Съезбек Ахметов айтты.

«Жеңілдетілген бағадағы 1 литр жанармайдың құны 270 теңгеге жетті. Жанармай құны ауыл шаруашылығы өнімдерінің және өзге де тауарлардың, қызметтердің бағасына айтарлықтай әсер етеді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін дизель отынының бағасын арзандату қажет», – деді ол.

Айта кетейік, бұған дейін партиялықтар батыс және солтүстік өңірлердің кәсіпкерлерімен кеңес өткізген кезде де шаруалар осы өзекті мәселені көтерген еді. Энергетика вице-министрі Ерлан Аққенженов ведомство жеңілдетілген бағадағы дизель отынын өңірлерге жеткізуді ескере отырып, оның 1 литрін 238 теңгеге дейін арзандату туралы шешім қабылдағанын айтты.

«Мәселе мұнай өңдеу зауыттарынан жанар-жағармай алып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге дизель отынын жеткізу, сақтау қызметін көрсететін өңірлердегі делдалдардың әлеуметтік жауапкершілігі туралы болып отыр. Энергетика министрлігі ұсынған өңірлік жанар-жағармай операторларының 1 литріне 12 теңге деңгейіндегі маржасын ескере отырып, жеңілдетілген бағадағы дизельдің 1 литрі 250 теңгеден аспауы тиіс», – деді ол.

Партия Хатшысы Эльдар Жұмағазиев өңірлердегі кәсіпкерлерге өздерін толғандырған сұрақтарын министрліктер өкілдеріне тікелей жолдап, жауап алуға жақсы мүмкіндік берілгенін атап өтті.

«Мұндай кездесулер мемлекеттік органдарға бизнес-қоғамдастықтың нақты қажеттілігі туралы толық ақпарат алуға және нақты жағдайды ескере отырып, өз саясатын бейімдеуге мүмкіндік береді. Билік пен бизнестің диалогы түйінді мәселелерді анықтауға, бюрократиялық кедергілерді жоюға көмектеседі. Сондай-ақ түрлі мәселенің шешімін табудың ашықтығы мен тиімділігіне ықпал етеді. «AMANAT» партиясының алаңы – тұрақты экономикалық дамуға атсалысудың және кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасаудың тиімді құралы. Мәжілістегі және барлық деңгейдегі мәслихаттардағы партия депутаттары көтерілген мәселелерді назарға алып, осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізеді», – деді партия Хатшысы.

Талдықорғаннан келген «Вместе мы сила» кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Еділ Қазақпаев тағы бір өзекті мәселені қозғады. Ол шағын орта бизнес үшін қосылған құн салығы шегін жылына 100 АЕК-ке дейін арттыру туралы өтініш жасады.

«2022 жылдан бері қосылған құн салығының шегі жылына 20 мың АЕК-ке дейін төмендетілді. Шекті деңгейден асып кету – бұл микро және шағын бизнес үшін өзекті мәселеге айналды. Осы күннің өзінде миллиондаған айыппұл туралы хабарламалар келіп жатыр. Біздегі инфляцияда шек болмаса да, 20 мың АЕК жеткіліксіз болса да, 100 мыңға дейін ұлғайту керек. Олай етпеген жағдайда шағын бизнес банкротқа ұшырайды немесе «көлеңкеге» кетеді», – деді ол.

Экономика министрлігі онлайн бақылау-касса машинасы, POS-терминал және тауарларды есепке алу жүйесін қолдана отырып, шекті мөлшерді 124 мың АЕК-ке дейін арттыруға болатынын жеткізді. Сонымен қатар Қауымдастықтың ұсынысын жаңа Салық кодексін әзірлеу кезінде ескеруге уәде берілді.

Шығыс Қазақстан кәсіпкерлерінің атынан облыстық мәслихат депутаты Сергей Бежецкий сөз сөйледі. Ол жол құрылысына қажет битум импортына тыйым салуды ішінара алып тастауды ұсынды. Жол құрылысшылары бұл туралы «AMANAT» ұйымдастырған кездесулерде де бірнеше рет айтқан еді.

«Битум импортына квота енгізу қажет. Бұл жұмысты, әсіресе, құрылыс жұмысы қарқынды жүретін жаз мезгілінде қолға алған жөн. Бұл шара жол құрылысына қажет битумды неғұрлым арзан бағамен алуға мүмкіндік береді. Әзірге кәсіпорындар битумды қымбат бағамен сатып алуға мәжбүр», – деді халық қалаулысы.

Бұл түйінді мәселе де «AMANAT» партиясы мен мемлекеттік органдардың бірлескен жұмысының нәтижесінде шешілді. Индустрия министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігінің өкілдері Ресейден 300 мың тоннаға дейін битум әкелуге рұқсат етілгенін, оның алғашқы 100 мың тоннасы Қазақстанға жеткізілгенін айтты.

Партияның Өскемен қалалық филиалының атқарушы хатшысы Арайлым Есімбекова Мемлекеттік кірістер департаменті жанындағы келісім комиссиясының кәсіпкерлерді сотқа беру бойынша жүргізіп жатқан жұмысына назар аударды. Кәсіпкерлердің пікірінше, іс сарапшылар комиссиясы мен салалық одақтар өкілдерінің жетіспеуіне байланысты сотқа дейін жетіп отыр. Бұл ұсынысты Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінде толық қанды қарап шығуға уәде берілді.

Ал «KazGrain» ұлттық экспорттаушылар қауымдастығының басқарма төрағасы Зейнолла Әбдіманаповтың айтуынша, салық органдар мәселенің анық-қанығына бармай жатып, кәсіпкерлерді жазалайды.

«Ауыл шаруашылығы өнімдерін негізгі сатып алушылар – экспорттаушылар. Өңірлерде шаруалар көбінесе заңды өздері бұзады. Олар келісімдер санын негізсіз арттырып жібереді. Мәселен, шаруада 1 мың тонна ғана өнім бар болғанымен, ол 2 мың тонна сатады. Шаруалар мемлекеттік кірістер басқармасына есеп бермейді. Бір-екі жылдан кейін салық салушылар тексеру жүргізбестен бірден келісімшарттарды жарамсыз деп танып, сотқа жүгінеді. Біз сотта барлық құжат қолымызда екенін дәлелдейміз, алайда сот көбінесе мемлекеттік органның мүддесін қорғайды. Нәтижесінде, кәсіпкерлерге айыппұл салынады», – деді ол.

Өскемен қалалық мәслихатының төрағасы Александр Светаш мемлекеттік органдардың назарын тауардың отандық өнім екенін дәлелдейтін «CT-KZ» сертификаты мен индустриялық сертификаты бірін-бірі қайталайтынына аударды. Алайда мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін екі құжатты да ұсыну қажет. Ол сондай-ақ мүгедектер қоғамын 1 млн теңгеге мөлшеріндегі сертификаттық алымдардан босатуды ұсынды.

Бұған жауап ретінде Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы Қуаныш Елікбаев 2025 жылға дейін Қазақстанда өндірілген тауарлардың бірыңғай тізілімі құрылатынын, технологиялық операциялар түріндегі түсінікті және нақты критерийлер болатынын айтты.

Сондай-ақ кеңес барысында бірқатар өзекті мәселе көтерілді. Атап айтқанда, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған мектеп формасын тігу; балабақшаларда, мектептерде және ауруханаларда мемлекеттік сатып алуда бірінші кезекте отандық сүт өнімдерін сатып алу, жобалық-сметалық құжаттамадағы инфляция коэффициенті, құрылыс материалдарының қымбаттауы, ауыл шаруашылығын субсидиялау жүйесін жетілдіру және тағы басқа мәселе қамтылды.

Еске сала кетейік, «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында партия бизнес үшін ұзақмерзімді және қолжетімді несиелік ресурстар мәселелерін шешуге атсалысады. Өндіруші бизнеске өндірістік, көлік және коммуналдық инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы қолдау көрсетіледі. Ал аграрлық кешен мен жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін жеңілдетілген салық ставкасы енгізілетін болады. 2027 жылға дейін «AMANAT» шағын және орта бизнес үшін кем дегенде 15 мың артық реттеуші кедергілерді жояды.

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ – ӨҢІРЛЕРДЕ

Әлеуметтік салада шешімін жеделдетіп табуы тиіс мәселелер жетерлік. Әсіресе, оқу жылы қарсаңында мектептердің әзірлігіне қатысты сұрақтар көп. Одан да өзге салаларда шешімін күткен, депутаттардың араласуын күткен проблемалар аз емес. Осы мақсатта халық қалаулылары тағы да өңірлерді аралауға шықты.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жанарбек Әшімжан Алматы облысында сапармен жүр. Ел-халықпен кездесуді Еңбекшіқазақ ауданынан бастаған ол бірінші кезекте аудандағы мектептердің алдағы оқу маусымына әзірлігін көріп, ұстаздар қауымымен жиындар өткізуде. Салынып жатқан білім ошақтарының құрылысымен танысуда. Мәселен, Есік қаласының кіреберісіндегі «Рахат» саяжайы маңында орналасқан №1 орта мектептің ұжымымен кездесуде көптеген мәселелер белгілі болып отыр. 2017 жылы ғана пайдалануға берілген 600 балаға арналған мектепте қазір үш ауысыммен қысылып-қымтырылып, 1 800 бала білім алуда. Тұрғындар бірінші кезекте саяжайға ауыл мәртебесін беріп, инфрақұрылым жүргізу мәселесін көтерді. Депутаттың айтуынша, бұл мәселе республика көлемінде көтеріліп, мәжілісте қаралуда.

«Жалпы Еңбекшіқазақ ауданында үш ауысымды мектептің зары өтіп тұр. Ашығында бұл Алматы облысында ғана емес, байтақ Қазақстанның әр өңіріндегі түйінек. Осы мектептегі ұстаздардың алпыс пайызға жуығы саяжайда тұратындар. Сол себепті ұстаздар қауымы бірінші кезекте саяжай мәртебесіне, су, газ, жол, жалпы инфрақұрылым мәселесіне қатысты сұрақтарын жолдады. Бұл мәселе бұған дейін де өткір көтеріліп келеді. Әріптестеріммен бірге Мәжілістің жалпы отырысында, Үкімет сағаттарында тиісті орындарға бірнеше мәрте сауал жолдадық. Бүгінгі таңда Үкімет пен жергілікті атқарушы орган мәселенің шешімін табу бағытында жұмыстануда. Еңбекшіқазақ ауданы білім бөлімінің басшысы Жарқын Нұрғалымов балаларды тасымалдап оқытуға саяжай мәртебесі кедергі келтіріп отырғанын, тиісті деңгейде заңнамалық қолдаулар қажеттігін айтты. Жасыратыны жоқ, бүгінде елді мекен маңындағы саяжай тұрғындарының саны күн санап артып келеді. Қаладан баспана алуға шамасы жетпеген азаматтар саяжайларға қоныстануда. Сондықтан саяжай мәселесін шешуге барымызды саламыз. Тұрғындарға жағдай жасалатын болады», – деді Жанарбек Әшімжан.

Сонымен қатар депутат саяжайдағы 900 орындық мектептің құрылысымен танысты. Мердігер мекеме BAZIS CONSTRUCTION ЖШС. Жалпы сомасы 7 млрд теңге болатын білім ошағы заман талабына сай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Осылай деген мердігер мекеменің өкілдері 2024 жылы жаңа оқу жылында құрылысты аяқтайтынын жеткізді. Бүгінде №1 Рахат орта мектебіне оқушылар сыймай әлек. Оның үстіне, 1 500-ге жуық саяжайлық балалар Есік қаласына тасымалданады. Аталған мектеп пайдалануға берілсе, бірнеше мәселе оң шешімін таппақ.

Қазір саяжай маңында заман талабына сай тағы бір білім ошағы бой көтеруде. Жалпы құны 5 млрд теңге болатын 1 475 оқушыға арналған орта мектеп құрылысы жүргізіліп жатыр. Жеке инвестордың қаржысына салынып жатқан мектеп ағымдағы жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Құрылыс барысымен танысқан Жанарбек Әшімжанов мердігер мекеме Kapital construction ЖШС-ның өкілдеріне құрылыс сапасына баса назар аударуды тапсырды. Өз кезегінде мердігер құрылыс барысында туындап жатқан қиыншыларды да айтып өтті. Сөзіне сүйенсек, ғимаратқа ауызсу, көгілдір отын тарту мен кәріз жүйесіне қосылу қиындық тудыруда. Су мен газды Есік қаласының төменгі жағынан алу керек. Аталған жұмыстарға қосымша 280 млн теңгеге жуық қаржы жұмсалады.

Сондай-ақ Есік қаласында 1 500 орындық мектептің құрылысы аяқталып, оқу маусымын күтір тұр. Бұл мектеп іске қосылса Есік қаласындағы үш ауысымды мектептің мәселесіне нүкте қойылады. Жалпы Есік шаһарында бес мектеп бар, төртеуі аралас, біреуі ғана қазақ мектебі.

Ал Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мұрат Әбеновтың Қызылорда облысында жүр. Халық қалаулысы бірінші күні партияның қалалық филиалында аймақ жастарымен кездесіп, жастарды қолдау бағыты бойынша атқарылатын біршама жұмыстарды атап өтті. Кездесу барысында «Серпін» бағдарламасы бойынша Солтүстікке Оңтүстіктен көшу тиімділігі, еңбек адамының әлеуетін көтеру, т.б. өзекті мәселелер туралы айтылды.

Мұнан соң фракция мүшесі партияның Сайлауалды бағдарламасының Жол картасына енгізілген №264 орта мектептің 550 орынға арналған бастауыш оқу ғимаратының қосымша құрылысымен танысты. Бас мердігер – «Интегрострой» ЖШС. Аталған нысанның құрылыс жұмыстары биыл ақпан айында басталған. Нысан 1 қыркүйекте пайдалануға беріледі.

Мәжіліс депутаты сапарының екінші күні партияның қалалық филиалында азаматтарды жеке мәселелері бойынша жеке қабылдау өткізіп, тұрғындардың талаптілегін тыңдады. Қабылдауда балаларды мектепке даярлауға мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақының мардымсыз екенін, базардағы мектеп құрал-жабдықтарының бағасы барған сайын қымбаттап жатырғанын алға тартты. Мұнан бөлек А.Пушкин кітапханасы орналасқан пәтер тұрғыны аталған тұрғын үйді жөндеу жұмыстарынан өткізу керектігін айтса, іргетасы ескірген пәтер тұрғындары да үй кезегінің мәселесі бойынша мәжілісменге жолығып, қанағаттандырарлық жауап алды.

Одан кейін мәжіліс депутаты Қызылорда қалалық мәслихатындағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының отырысына қатысты. Отырыстың күн тәртібінде сайлау науқаны кезінде азаматтардан түскен ұсыныстар мен тілектердің орындалуы, 2023-2027 жылдарға арналған партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында қаралған іс шаралардың орындалу барысы және «Ауыл аманаты» жобасының жүзеге асырылуы туралы мәселелер қаралды. Басқосуда жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша ұсыныстар айтылып, пікірлер тыңдалды.

Мұнан бөлек фракция мүшесі теміржол вокзалын қайта жаңғырту жұмыстарын зерделеп, одан соң №3 IT-лицейінің қосымша ғимаратының және «Аналарға тағзым» орталығының құрылысымен танысты.

Ал Қостанай облысында жүрген Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева партия филиалы жанындағы Білім және денсаулық сақтау жөніндегі кеңестің кезекті отырысына қатысты. Онда өңірдегі емдеу мекемелерінің қаржылық жағдайы турасында, соның ішінде медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегі туралы сөз қозғалды. Жиында баяндама жасаған «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» облыстық филиалының директоры Батырбек Нұрғалиевтің айтуынша, қазір қарастырылып отырған қосымша 2,3 миллиард теңге қаражат бөлу шарасы бұл мәселені шешпейді. Бұл медициналық қызмет көрсетуге арналған қосымша қаражат. Өндіріс көлемінің өзгешелігі (медициналық мекемелердегі төсек орын саны) аудандық ауруханаға қалалық ауруханаға қарағанда үлкен сома беруге мүмкіндік бермейді. Нәтижесінде, қарызды өтеу үшін тым аз қаражат қалады. Бұл мәселеден шығудың екі жолы бар: облыстық мәслихаттың мақсатты қаражат бөлуі немесе ауруханалар ішіндегі шығындарды оңтайландыру.

Облыстық мәслихаттың халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі, SENIM денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлері кәсіподағының облыстық филиалының төрағасы Татьяна Булгацевич болса, оңтайландыруға механикалық тұрғыдан қарауға болмайтындығын атап өтті. Мысалы, жақында Қостанай қалалық ауруханасының бақылау кеңесі ЛОР бөлімін жабуды ұсынды, себебі ол тиімсіз. Бірақ науқастар ше? Өңірлерде тар сала мамандары іс жүзінде жоқ. Біз тамақтануды оңтайландырдық, қазір ауыл тұрғындары қала ауруханаларына түскенде азықтан қиналады. Өйткені көбісінің әкеліп беретін ешкімі жоқ. Сондай-ақ 2000 жылдардағы 12,5 мың төсек-орынның бүгінде жартысынан азы ғана қалған. Осы және басқа да мәселелерді талқылаған жиын қорытындысында Мәжіліс депутаты аталған жайды Үкімет деңгейінде көтеруге уәде берді.

БИЗНЕС БАСТЫ ДРАЙВЕРГЕ АЙНАЛСА ИГІ...

(Басы 1-бетте)

Кәмила ЕРКІН

Компанияларды шағын және орта деп жіктейтін критерийлердің өзгеруі де кәсіпкерлер қоғамдастығы үшін маңызды жаңалық болуы мүмкін. Мұндағы басты критерий ретінде құрылтайшы-заңды тұлғалардың орташа жылдық табысы мен бизнестегі үлесін қосу жоспарлануда. Осыған дейінгі бизнестің шағын және орта екенін анықтайтын әдіснама оның ел экономикасындағы үлесін жасанды түрде арттыруға негізделген еді. Мысалы, 2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ШОБ-тың ел экономикасындағы үлесі ЖІӨ-нің 36 пайызын құрады. Бизнестің экономикадағы белсенділігі айтарлықтай өспесе де, көрсеткіштер осылайша бірден өсім көрсетіп отыратын. Мәселен, шағын және орта кәсіпкерлікті тексеруге мораторий жарияланған тұста, яғни 2008 жылдары ЖІӨ-дегі орта бизнестің үлесі 10,2 пайызға жетті, ал оған дейін 2 пайыздың айналасында болатын. Одан кейін 2013 жылдары мемлекет ШОБ-қа қатысты статистиканы кәсіпорындағы жұмысшылардың орташа жылдық санына негіздеп айқындады. Ол жылы да еліміздегі мұндай кәсіпорындардың ЖІӨ-дегі көрсеткіші бірден 16,7 пайыздан 25,9 пайызға көтерілді. Бір жылдан кейін шағын бизнеске жатқызу критерийі 50-ден 100 адамға дейін, 100-250 адамға дейін кеңейтілді. Соңғы деректерге сәйкес, еліміздегі жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлердің саны 1,7 млн бірлікті құрайды. Онда 3,5 млн-нан астам адам жұмыс істейді. Сонымен қатар өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар арасында жаңа микро және шағын кәсіпорындар құру мүмкіндігі бар. Бүгінде олардың саны – 2,1 миллионға жуық адам.

Билік ШОБ сапалы экономикалық өсудің негізгі көзі болады деп жоспарлаған болатын, бірақ қазір бизнестің бұл сегменті негізгі жұмыс беруші деңгейінде ғана қалып отыр. 2022 жылдың қорытындысы бойынша ШОБ секторына шамамен 4,1 млн адам жұмысқа орналасқан, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 18 пайызға артық. Осылайша, шағын және орта кәсіпкерлік барлық экономикалық белсенді халықтың 36 пайызын жұмыспен қамтып отыр. Бұл тұрғыдан тәуелсіз сарапшы, экономист Сапарбай Жобаев шағын және орта бизнес мемлекеттің экономикадағы үлесі азайғанда ғана қарқынды дамитынын алға тартып отыр.

– Елімізде кәсіпкерлікті қолдау саясаты жақсы жолға қойылған. Даму қоры, ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігін дамыту секілді бағдарламалар негізінде несиелендіру, субсидия мен гранттар беру арқылы кәсіпкерлікті қаржыландыру тізбектері жұмыс істеп тұр. Дегенмен біздегі шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі басқа мемлекеттермен салыстырғанда аз. Себебі бізде квазимемлекеттік олигополиялық кәсіпорындар көп. Бұл мемлекеттің экономикаға көбірек араласуына мүмкіндік береді және шағын және орта бизнестің дамуына кері әсер етеді. Өйткені квазимемлекеттік компаниялар

өздері құрып алған құрылымдардың ғана қызметін пайдаланып, шағын және орта бизнестің өнімдері мен сервисін аса қажет ете қоймайды. Сондықтан квазимемлекеттік құрылымдарды жекешелендірместен, жеке кәсіпкерлікті дамыту өте қиын, – дейді сарапшы.

«МӘЖБҮРЛІ БИЗНЕС» БОЛМАСЫН ДЕСЕК

Ірі компаниялардан тыс шағын және орта бизнестің мемлекеттік статистикаға жеке кәсіпкерлер, шаруа және фермер қожалықтары кіреді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 4,1 млн адам жұмыспен қамтылған. Бірақ оның жартысына жуығы – жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының иелері. Шынтуайтында, бұл мәжбүрлі кәсіпкерлікке жатады, яғни, азаматтар басқа жұмыс орындары болмағандықтан, өз бизнестерін бастауға мәжбүр болады. Нақты мәліметтерге сүйенсек, шағын және орта бизнесте жұмыс істейтіндердің 9 пайызы ғана орта кәсіпорындарында қызмет етеді.

Сапарбай Жобаев мұның басты себебі ауылдағы жер қатынастары ескі жүйемен жұмыс істеуінде деген пікірде. Өйткені жер диқандардың жеке меншігіне өтпесе ауыл шаруашылығы өнімділігі де ауқымды көрсеткішке жете алмайды.

– Біз әлі де сол феодалдық-социалистік қатынастардан шыға алмай келеміз. Билік 2014-2015 жылдары жерді жекешелендіру бойынша белсенділік танытқан еді, бірақ өкініштісі, батыс өңірінің азаматтары қарсы шығып, бұл мәселеге мараторий жарияланды. Сондықтан елімізде жерді жекешелендіру процесі кенде қалып тұр. Ал өркениетті елдерде жер диқандардың жеке меншігінде, сол себепті де онда ауыл шаруашылық кәсіпкерлігі жақсы дамыған. Әсіресе, Польшаны мысалға айтсақ, олар бүкіл дүниежүзіне, тіпті, бізге де алманы экспорттайды. Ал біз осы мүмкіндікті пайдалана алмай жатырмыз. Өйткені жер бізде феодалдық латифундистердің, яғни, әкімдердің қолында. Осыны диқандардың қолына берместен жекешелендірместен, ауылда бір өзгеріс болады деу қиын. Ең өкініштісі, жұмыс таба алмаған ауыл жастары қалаға қарай ағылуда, – дейді экономист.

Дегенмен үкімет «Ауыл аманаты» жобасы аясында кооперациялар тізбегін дамыту арқылы ауыл халқының тұрмысын түзеуді көздеп отыр. Жеке қосалқы шаруашылықтарды (ЖҚШ) микрокредиттеу, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жем-шөп дайындау, сервистік-өткізу кооперативтерін ұйымдастыру, лизингтік техникамен және жабдықпен қамтамасыз ету және т.б. бойынша шаралар іске асырылмақ. Биыл жобаға барлық өңірлер бойынша 17 мыңнан астам микрокредит беру жоспарымен 100 млрд теңге бөлінген. Нәтижесінде, республика бойынша жеке қосалқы шаруашылықтардың 50 пайызын кәсіпкерлікке тарту арқылы 2029 жылға дейін 350 мыңнан астам жұмыс орны құрылмақ.

Сонымен қатар ауыл кәсіпкерлерінің агрокомпетенцияларының деңгейін арттыру мақсатында оларды оқыту көзделген. Бұл мақсатта бюджеттен 137 млн теңге бөлінбек. Үкімет 2026 жылға дейін СҚО тәжірибесі шеңберінде барлық өңірлер бойынша агроөнеркәсіптік кешенде төрт жүзге жуық инвестициялық жобаны іске асыруды жоспарлап отыр.

ӨСІМ ЖОҒАРЫ БОЛСА ДА, ӨНІМ ТӨМЕН

Салалық тұрғыдан алғанда, жұмыспен қамтылғандардың көпшілігі өнімділігі төмен секторларда жұмыс істейді. Оның ішінде жеке кәсіпкерлердің шамамен 44 пайызы және шағын компаниялардың 26 пайызы сауда саласына тиесілі.

Дегенмен шағын кәсіпорындар жоғары инвестициялық белсенділікке ие. Мысалы, 2022 жылы ШОБ негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 15,1 трлн теңгеге жеткенімен, оның жартысынан көбі шағын компаниялардың үлесіне тиесілі болып отыр. Бірақ шағын кәсіпорындар инвестицияларының тиімділігі төмен. Өйткені шағын компанияларға салынған барлық инвестицияның шамамен 74 пайызы құрылысқа салуға жұмсалады. Инвестицияның тек 22 пайызы ғана өндіріске қажетті жабдықтар мен технологияларға бағытталған.

Бір қарағанда, ШОБ секторының қаржылық көрсеткіштері тұрақты өсім көрсетіп отыр. 2022 жылдың қорытындысы бойынша шағын компаниялар 76,8 трлн теңге, орташа компаниялар шамамен 16,4 трлн теңге табыс тауып, рекордтық нәтижелер көрсетті. 2021 жылмен салыстырғанда екі сегментте де 30 пайыздық өсім бар.

Қаржылық көрсеткіштердің өсуіне қаңтар айындағы оқиғалар да кедергі келтірмеген. Естеріңізге сала кетсек, Бас прокуратураның бағалауына сәйкес оның салдарынан тек Алматыда 92 млрд теңге көлемінде бизнеске шығын келтірілген болатын.

Бірақ талдауларға сүйенсек, корпоративтік сегментте шығыны асып түссе де, жұмыс істеп келе жатқан компаниялардың өсіп келе жатқанын көрсетіп отыр. Мұндай кәсіпорындар не банкроттық жариялау арқылы, не өзге компаниялармен бірігу арқылы нарықтан кетпей жұмысын жалғастыратын шығынды компаниялар. Олардың тұрақтылығының құпиясы шамадан тыс мемлекеттік қолдауға ие болуы.

Ұлттық статистика бюросы тоқсан сайын орта кәсіпкерліктің шығынды компанияларының санын жариялайды, өкінішке орай шағын компаниялар сегменті бойынша мұндай деректер жоқ. Статистикаға сәйкес, 2022 жылы шығынға ұшыраған компаниялардың орташа саны 783 бірлікке жеткен. Сала-салаға бөлер болсақ, шығынмен жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорындар көлемі өңдеу өнеркәсібінде – 48%, ғылымда – 46%, саудада – 41%, құрылыста – 40% және логистикада – 39%.

Бүгінгде Қазақстанда микро және шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсатында «Мен кәсіпкер» жобасы әзірленіп, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға енгізілген. Құралдың негізгі бағыттары – «Кәсіпке бағыт» салалық оқыту, «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары» және «Бір ауыл – бір өнім» жобалары. «Кәсіпке бағыт» салалық оқу кәсіпкерлік әлеуетті арттыру мақсатында біліктіліктерге оқыту және салалық, кәсіби оқуды қамтиды. «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары» – кәсіпкер әйелдер мен кәсіпкерлік бастамасы бар әйелдерге арналған қызметтер желісі.

«Бір ауыл – бір өнім» аудан және ауылдық деңгейде жергілікті өнімнің «бірегей» түрлерін шығару және өндірушілерді оқытып, консультациялық сүйемелдеу көрсету арқылы өнім сапасын арттыруды көздейді. Жоба өткен жылы Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Қостанай облыстарының 4 ауылында пилоттық режимде іске асырылды.

СОҢҒЫ АЯЛДАМА

ҚР Ұлттық Банкі 2020 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық компаниялардың қаншасы «шығынды» мекемеге айналғаны жөнінде зерттеу жүргізген. Іріктемеге 2010-2020 жылдар аралығында салықтық шегерістерге дейінгі пайдасы нөлге тең болмаған 3 мыңнан астам ірі, орта және шағын компаниялар енген.

«2020 жылдың қорытындысы бойынша іріктеме негізінде «шығынды» санатына енген кәсіпорындардың үлесі максимум – 12 пайызға жетті. 2010-2020 жылдар аралығында мұндай компаниялардың үлесі айтарлықтай төмен 6-8 пайызға дейінгі деңгейде болды. Мұндай санаттағы кәсіпорындардың жартысынан көбі жеткілікті түрде капиталдандырылмаған. Сондай-ақ олардың жартысынан көбі банктік қарыз алушылар болып табылады», – делінген Ұлттық банк зерттеуінде.

Демек, мемлекеттік қолдау жеке секторға кері де әсерін тигізіп отырғанын көреміз. Сондықтан мемлекеттік статистика әдіснамасы қаншалықты ахуалды шынайы айқындай алады деген сауал туындайды? Шағын бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі жоғары болғанына қарамастан, өнімділігі төмен. Ал шағын кәсіпкерлердің негізгі бөлігі – бизнеспен мәжбүрлі түрде айналысып отырған шаруалар. Одан бөлек, үздіксіз және шамадан тыс көрсетілген мемлекеттік қолдау экономикада «шығынды» компаниялардың санын айтарлықтай арттыруда. Сондықтан бұл шағын және орта бизнесті экономика драйверіне айналдыру барысында бетпе-бет келетін мәселе деп білеміз.

ЖАУ ЖАҒАДАН АЛҒАНДА, БӨРІ – ЕТЕКТЕН

Бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мемлекет қыруар қаржы жұмсаса да, нарық заңдылықтарына төтеп беру табиғи құбылыс. Мәселен, соңғы уақыттағы Ресей валютасының арзандауы да отандық кәсіпкерлерге оңай соқпасы анық. Өйткені рубльдің әлсіреуіне байланысты қазақстандық нарықта ресейлік тауарлар айтарлықтай артуы мүмкін дейді сарапшылар. Экономист Сапарбай Жобаев отандық өндірушілерді валюталық қатерден қорғау мақсатында еліміздегі ақшанесие саясатына өзгерістер қажеттігін алға тартты.

– Әрине, рубльдің әлсіреуі Ресейдің геосаяси жағдайының нәтижесі деп есептейміз. Себебі РФ Қаржы министрлігі санкцияның әсерінен рубльді әлсіретіп, бюджетін толтыру мақсатында өте көп валютаны сатып алып салық түсімін арттыруды көздеп отыр. Ресейдің бұл қадамы түсінікті өйткені, бір долларға 60 рубль бергеннен 100 рубль берген жақсы, себебі ресейлік кәсіпорындардың қоржыны қампайса, салықты да көбірек төлейді. Ал Қазақстан қандай саясат жүргізу қажет дегенге келер болсақ, біз ЕЭО құрамында болғандықтан ресейлік саясатпен сәйкес саясат жүргізуіміз қажет. Бірақ Қазақстан тарапы әлі де ешқандай қадамға бара қойған жоқ, дегенмен бізге де инфляция деңгейінде ұлттық валютамызды әлсірету отандық экспортшыларымыз үшін тиімді болар еді. Қазір ресейлік кәсіпкерлермен айырбастау саясатының дұрыс жүргізілмеуі себепті біздің кәсіпкерлеріміз бәсекеге төтеп бере алмайды. Жай ғана бидайды ресейден импорттау отандық өнімнен тиімді болып отыр. Сол себепті 2015 жылдағыдай 26 млрд доллар Ресейге кетіп қалмау үшін Ұлттық банк ресейлік ақшанесие саясатымен сәйкесте жұмыс істеуі қажет деп есептеймін, – дейді ол.

Ал қазақстандық өндірушілер астықтың арзан импортына қатысты алаңдаушылық білдіріп, Ресей бидайын әкелуге бірқатар шектеу енгізуді ұсынған болатын.

«КӨРШІ» ҚҰЛАДЫ, ТЕҢГЕНІҢ ХАЛІ ҚАЛАЙ?

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ

«Енді биыл Ресей экономикасы есін сәл жинап, импортқа сұраныс артты. Өйткені Ресейдегі өндіріске қажетті жарақтар шетелден келеді. Бұл нарықтық модельге ие қай елге де тән құбылыс. Соған сәйкес, параллель импорт күш алды да, импорт тауарларды алу үшін оған доллар қажет болды. Сондай-ақ релокант компанияларға Ресейден көшерде активтері мен материалдарын сатып, долларға айналдырып алуға рұқсат берілді. Ал Ресейдің қаржы министрі біздегі ұлттық қор секілді әл-ауқат қорына доллар жинау мақсатымен оны бюджет ережесімен сатып ала бастады. Осылайша, долларға сұраныс қайта арта түсті. Оған қоса, Ресейдің Орталық банкі алтын-валюта резервін сақтап қалу үшін интервенция жасамастан, рубльдің бағамын төмендету туралы шешім қабылдады. Сонымен, 1 доллар 98 рубльге қайта көтерілді», – дейді экономист Сапарбай Жобаев.

Енді мұның соңы кеше көргеніміздей, рубльдың рекордтық көрсеткішке қайта оралуына әкеп отыр. Десе де қаржыгер-экономист Расул Рысмамбетов бұл уақытша жағдай деп бағалауда. Өйткені Ресей билігі кеш те болса шұғыл шараларға көшуде. Бұл жолы Ресей ОБ валюта нарығындағы жағдайды тұрақтандыру үшін шешуші мөлшерлемені 15 тамыздан бастап жылдық 12%-ға дейін көтеруге шешім қабылдады. Одан бөлек валюталық қадағалауды күшейтіп, экспорттаушы компанияларды валютамен тапқан табыстарын міндетті түрде сатуға міндеттейтін норманы қайта қолданысқа енгізуді қарастыруда. Осының нәтижесінде бүгін 1 доллар 96,6 рубль болып төмендеді. Десе де сарапшылар қауымдастығы Ресейдің монетарлы билігінің мұндай мәжбүрлі қадамға барып отырғанына қарап, «жоспардан тыс шешімде үрейдің сесі бар. Ақшаға қатысты ахуалды толық пайымдай алып отырған жоқ. Алдын алу сценарийі дайындалмаған. Шок терапия соны меңзейді» деп баға беруде. Соған сәйкес валюта нарығының болашағына болжам да көңіл қуантпайды. Қазақстандық қана емес, ресейлік экономист-қаржыгерлердің өзі де оптимизмнен ада. Бірі ендігі меже – 130 рубль десе, енді бірі оны одан сайын өсіріп 150 рубльге дейін апарып тастаған. Оған Ресей Орталық банкінің рубль интервенциясын тоқтатып тастағаны негіз. Олар тіпті, үкіметтің экономикалық, оның ішінде монетарлық блогы мұншалықты шарасыздық танытып отырғанына ашулы. Орталық банк құзіретін толық пайдаланбай отыр деп есептейді. Бұдан шығар қорытынды – қалай болғанда да Қазақстан нашар сценарийге қамданғанғаны дұрыс-ақ. Өйткені теңге мен рубльдің долларға шаққандағы бағамы бір-бірімен тығыз байланысты.

ХАЛЫҚ ҚАРЫҚ БОЛУЫ МҮМКІН

Естеріңізде болса, 2014 жылдың соңы мен 2015 жылдың бірінші жартысында рубль бағамы 3 теңгеге дейін төмендеп, солтүстік өңірдегі жерлестеріміздің ресейге «базарлап» барып қайту үрдісі жиілеген еді. Тіпті, өзге өңірлерден де қазақстандықтар ағылып, басқа тауарларды былай қойғанда, Ресейден арзан көлік тасығаны есімізде. Ол жақтан пәтер сатып алған оқиғалар да кездескен. Халық қарық болғанымен, ондай үрдіс бизнеске соққы. Биыл да солай қайталанар болса, Ресейдің арзан тауары Қазақстан нарығын толтырып, ол отандық өндірісті әбден тоқыратып тастауы мүмкін. Ресей экономикасы санкциядан қатты зардап шексе де, өндіріс жағынан көп позицияны әлі де сақтап тұр. Олардың экономикасы біздің экономикадан қай салада да бірнеше есе мықты. Сол себепті егер Қазақстанда Ресеймен бәсекелес бола алатын өндіріс түрлері болса, ресейлік тауар Қазақстанда шығарылған сол өнімнен қалай болғанда да едәуір арзан болмақ. Мұндай жағдай бүгінгі күннің өзінде-ақ бой көрсетіп тұр. Ресейлік импорт ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін тұншықтырып барады. Соның ішінде кейбір тауарлар бойынша жағдай тіптен қиын. Олар – арпа, кебек, зығыр сынды дәнді-дақылдар, жұмыртқа, қант және



өсімдік майы. Сәуір айынан бері олардың импорттық көлемі артып, өзіндік құны арзан болғандықтан, қазақстандық шаруалардың тауарларына сұранысты төмендетіп отыр. Енді валюта нарығындағы жағдай бұл ахуалды ушықтыра түсуі кәдік. Бұл да болжам болғандықтан, олай болмауы да бек мүмкін.

«Дәл қазір соғыс болып жатыр. Егер ресейлік кәсіпкерлер тауарын 2014 жылдағыдай жаппай Қазақстанға апарамыз десе, Ресей билігі оларға тыйым салуы мүмкін. Әкімшілік шектеулерді енгізе отырып, Ресей билігі әсіресе тұтыну тауарларын сыртқа шығарғысы келмейді. Себебі бұл өз ішінде инфляцияны күшейтеді. Бірақ кім білген, шектеу қоймауы да мүмкін. Өйткені дәл қазір ешкім ештеңені тап басып айта алмайды», – дейді экономист Жарас Ахметов.

Тағы бір қауіп – рубль әлсіресе ел қазынасы Қазақстаннан валюта күйінде жылыстап кетуі. Өйткені ол жақтағы тауарды біздікілер не рубльге не долларға сатып алады емес пе? Бұл айтылғандардың барлығы тек сарапшылардың болжамы ғана. Десе де мұны теңге/рубль бағамы нақтылай түседі. 1-11 тамыз аралығында теңге рубльге шаққанда 6,5%-ға – 4,88 теңгеден 4,56 теңгеге дейін күшейді. Бұл – рубльдің былтыр наурыздан бергі ең төменгі көрсеткіші.

АРЗАН ИМПОРТ ПА, ОТАНДЫҚ ӨНІМ БЕ?

Рубль/теңге қатынасында қарастырсақ, бұл жолғы құлдыраудың сыңайы жаман. Тығыз қарым-қатынастағы, әрі бір экономикалық кеңістіктегі ел болғандықтан Ресейдегі жайсыз жағдайдың Қазақстанға жайлы тие қоймасы анық. Өйткені 2014 жылғы сценарий қайталануы ықтимал екенін жаңа айттық. Оның үстіне, «Таяқтың екі ұшы бар» демекші, соңғы жағдай Қазақстан билігі алдында диллема тұрғанын көрсетті. Ол теңгені әлсіретсе импорт өсіп, отандық тауар өндірушілер зардап шегетіні, ал теңге бағамын нығайтайын десе, қазақстандық бизнес арзан өнім ұсына алмай отырғаны. Оның соңы қымбатшылық, һәм инфляция.

«Түрлі салаларда, мәселен, азық-түлік пен дәрі-дәрмек өндіруде бізде өзіміздің ішкі нарықты толық қамти алатын өндіріс жоқ. Сол себептен де валюта бағамдары тербелген кезде ел экономикасы осалдық танытады. Рубль арзандаса, ресей тауарлары да арзандап, ол жергілікті өнімді бәсекеге қабілетсіз етеді. Сондықтан да еліміздің алдында қиын таңдау тұр: не арзан импортқа көшу керек, не отандық өндірісті қолдау керек. Үкімет соңғысын таңдаса, теңгені әлсіретуге тура келмек. Бірақ ол инфляция тудыруы ықтимал. Қалай болғанда да рубльді әлсірету бірінші кезекте саяси мәселе болып тұр», – дейді сарапшы Данияр Әшімбаев.

Ал келесі сарапшы, Расул Рысмамбетовтың пікірінше, рубль бағамының тез бірақ қысқа уақытқа әлсірегенінен Қазақстанның экономикасына қауіп жоқ. Одан алыпсатар ойыншылар ғана пайда көруі мүмкін. Шын қауіп төнуі үшін ол 3 айдан ұзақ әлсіреуі керек. Ал ұзақ әлсіреген рубль бірінші кезекте Ресейдің өндіруші секторына соққы. Өйткені олар шетелдік шикізат пен қосалқы бөлшектерге тәуелді.

«Егер олар сол соққыдан есеңгіремей өтетін болса, онда сондай өнім шығаратын біздің өндірушілерге қауіп төнеді. Десе де осы аптадағы құлдырау уақытша ғана нәрсе. Бірақ рубль енді бұрынғыдай позициясын сақтай алмай, бірте-бірте әлсірей беретін болады. Олардың бизнесі де соған сай бейімделе бермек. Сондықтан Қазақстан үкіметі олардан өзінің нарығын қорғап қалуы үшін нақты шараларды қолға алуы тиіс. Мен арзан импортқа тосқауыл қою үшін теңгені әлсіретуді ең соңғы нұсқа ретінде қарастыруды ұсынамын. Бұл аса дұрыс шешім емес. Оның орнына бізге отандық өндірушілерді қолдау үшін кедендік мониторинг немесе квота енгізу керек. Өйткені қазір ең бастысы теңгені қалай болғанда да әлсіретпеу. Мұның арты қымбатшылыққа апарып, Қазақстанда әлеуметтік наразылық үдеуі мүмкін. Бізде инфляция онсыз да өте жоғары. Сондықтан ресейлік өнімдерге тарифтен тыс квота енгізген дұрыс болады», – дейді экономист Расул Рысмамбетов.

Рубльдың құлағаны көптеген проблемалардың құлағын қылтитқаны рас. Геосаяси текетірестің бір құралына айналған валюта нарығы жанама әсерімен дамушы экономикалы елдердің дамуын тежеп отыр. Ортақ экономикалық кеңістіктің зардабы оны еселей түсуде. Сол себеп, бізге көршінің мықты болғаны тиімді. Бүгінгі күннің бағамы мен сабағы осы.

ҚАНДАСТАР НЕГЕ ОҚУҒА ТҮСЕ АЛМАЙДЫ?

Жыл сайын елімізге әлемнің әр түкпірінен мыңдаған студент келіп білім алады. Олардың арасында қандастарымыз да бар. Жалпы қиырдағы қазақтардың тарихи Отанында білім алуы 1994 жылдан басталған. Сол кезде қандастарға білім беруге 2 пайыз арнайы квота бөлінді. Қазір квота саны жалпы мемлекеттік гранттың 4 пайызын құрайды. Дегенмен грант саны артса да, грант есебінен оқуға түсетін қандастарымыздың саны көбеймей тұр. Неге?

Көктем ҚАРҚЫН

Қуаныш САПАРБАЕВ *(коллаж)*

БИЫЛ ТЕК 23 ПАЙЫЗ БІЛІМ КВОТАСЫ ИГЕРІЛГЕН

Жақында мемлекеттік білім грантының қорытындысы шықты. Биыл 305 000 талапкер ҰБТ тапсырды. Жалпы 2023-2024 оқу жылына Жоғарғы оқу орындары үшін 88 204 мемлекеттік білім гранты бөлінген. Яғни осынша студент мемлекет қаражатынан тегін және шәкіртақы алып оқиды деген сөз. Оның 4 пайызы яғни 3 528-і ұлты қазақ шетел азаматтарына бөлінген. Бұл білім аламын деген жастар үшін өте үлкен мүмкіндік. Бірақ биыл тағы да 3 528 грант толық игерілмеді. Біз мемлекеттік білім грантының қорытындысын қарап, қандастарға бөлінген квотамен тек 801 баланың оқуға түскенін анықтадық. Бұл бөлінген гранттың тек 23 пайызын құрайды. Сонда қалған 77 пайыз, яғни 2 727 білім беру квотасы өз иесін таппай, мемлекетке қайтарылған. Бұл бірінші рет туындаған мәселе емес. Статистикаға сүйенсек, кейінгі төрт жыл ішінде грант иегері атанған қандастардың үлесі азайып кеткенін байқауға болады. Мәселен, 2019 жылы грант игеру көрсеткіші 40,12 пайыз болса, былтырғы көрсеткіш 17,72 пайызға кеміп, 22,4 пайызды құраған. Демек, этникалық қазақ жастарына жоғары білім беру бастамасы толыққанды нәтиже көрсетіп отырған жоқ. «Отандастар қорының» президенті Абзал Сапарбекұлының пікірінше, оқуға түсуге ниет білдірушілердің саны жылдан-жылға артып келеді. Алайда оқуға түсіп жатқандардың саны, керісінше кеміп барады.

– Былтыр барлығы 73 мың грант бөлінген. Соның 4 пайызы – 2 920 қандастарға берілген, ал тестке қатысқандардың саны – 2 046. Соның ішінде грант иегері болғандар бар-жоғы 654 қана. Яғни, біз бөлінген гранттың тек қана 22,4 пайызын ғана игеріп отырмыз. Енді мұның себептеріне келер болсақ, негізгі себеп біреу ғана. Қандастар біздің оқу бағдарламасымен таныс емес, көбінесе Қазақстан тарихынан тиісті балды жинай алмайды. Себебі Қазақстан тарихының тесті түлектердің кем дегенде соңғы 5-6 жыл ішінде оқыған бағдарламасының негізінде әзірленеді. Шетелдерде бұл пән мүлдем оқытылмайды. Екіншіден, тестілеуге дайындық мерзімі де өте қысқа. Иә, бір жылдық foundation дайындығы бар. Бірақ бұл жерде де түсініксіз жайт көп. Мысалы, мемлекеттен 2 920 грант бөлінсе, Foundation-ге тек 1 300 адамға орын бөлеміз. Яғни, 1 300 адам ғана келіп арнайы дайындықтан өте алады. Бірақ foundation-ның өзінде тек 873 қандас оқыған. Олардың 68 пайызы грантқа түскен. Бірақ бәрібір, 33 пайызы түсе алмаған. Сондықтан жастардың тестілеуден неге өте алмағанын, олардың қаншасы foundation-де оқыды, қаншасы оқымады деген сұрақтарға терең зерттеу жүргізу керек. Осының бәрі 4 пайыздық квотаға қарастырылған қаражаттың игерілмеуіне себеп болады. Мәселені шешу үшін foundation уақытын ұзарту керек немесе басқа бір жолды қарастыру керек, – дейді Абзал Сапарбекұлы.

Негізінен Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Иран, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғыз Республикасы және Ресейден келген қандастар бағдарламаларға қызығушылық танытады. Оның ішінде, Моңғолия мен Өзбекстан көш бастап тұр. Себебі тек осы елдерде ғана қазақ тілінде білім беретін мектептер бар.

ҮГІТ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ – НӘТИЖЕНІҢ КӨРСЕТКІШІ

Этникалық қазақтарға дайындық бөлімі бірнеше жоғары оқу орындарында ашылған. Солардың бірі Астанадағы – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Профессор, Ғoundation бөлімінің жетекшісі Қуандық Құлмановтың айтуынша, республика бойынша жыл сайын дайындық бөліміне 1 300 грант бөлінеді. Пандемия кезінде шекараның жабылуына байланысты кейбір жоғары оқу орындары бұл грантты жаба алмады. Бұған кейбір университеттердің үгіт-насихат жұмыстарын жүйелі түрде жүргізе алмауы себеп. Бірақ Л.Гумилев атындағы ЕҰУ жыл сайын берілген гранттарды толықтай игеріп келеді. Сапа жағынан да, балаларды тарту жағынан да университет көш бастап тұр. Бұл шетелдегі ағайынмен тығыз жұмыс істегеннің арқасында жүзеге асқан. Себебі алыстағы бауырларымыз мұндай бағдарламадан бейхабар.

– 2017 жылдан бері университетімізде дайындық бөлімі жұмыс істеп келеді. Бірінші жылы 47 бала оқыды. Қазір бұл көрсеткіш бірнеше есеге өсті. Этникалық қазақтарға биыл дайындық бөліміне 400 орын бөлінді. Көбінесе Моңғолиядан, Қытайдан, Өзбекстаннан, Түркіменстан мен Ресейден балалар келеді. 9 ай бойы foundation курсында білім алады. Жатахқанамен қамтамасыз етіп, шәкіртақы да төлейміз. Курс барысында Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылық пәндерін міндетті түрде оқиды. Таңдаған мамандықтарына қарай екі бейіндік пәннен білім алады. Осылайша, біз 9 ай ҰБТ-ға дайындаймыз. Қабылдау министрлік арқылы Болон үдерісімен онлайн режимде жүзеге асады. Дайындық бөлімі бар жоғары оқу орындары тікелей бағдарлама бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Біз әлеуметтік желі арқылы бағдарламаны насихаттаймыз. Көктем айларында әріптестеріміз университеттің қолдауымен Ресейге, Моңғолияға барып түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келді, – дейді Қуандық Құлманов.

Оның пікірінше, шетелдегі балалар Қазақстан тарихын оқымайды. Олар тоғыз айдың ішінде дайындық курсын оқып, оқу бағдарламасын толық меңгеріп кете алмайды. Балалардың басым бөлігі Қазақстан тарихынан төмен балл жинайды. Мысалы, бұл пәннен 5 ұпайдан төмен жинаса, олар грант конкурсына қатыса алмайды. Тіпті, шығармашылық мамандықтардың емтихандарына да қатысуға мүмкіндік алмайды. Сондықтан бірінші кезекте дайындық курстарындағы Қазақстан тарихы пәнінің сағатын көбейту керек. Екіншіден, Қытайдан келген балалар төте жазумен, Өзбекстаннан келген балалар латын графикасымен оқып келгендіктен кирилл әріптеріне үйрене алмай қиналады. Моңғолияның ішкі аймақтарынан келген балалар моңғол тілінде білім алғандықтан, қазақшаны жеткілікті деңгейде білмейді. Негізі осы елдерде қазақ мектептері аз. Сондықтан оқу сауаттылығы пәнінің де сағатын арттыру керек. Ал математиканың оқу бағдарламасы барлық елде бірдей, – дейді foundation бөлімінің жетекшісі.

Қуандық Құлмановтың пікірінше, елімізде әкімдіктің гранты, «Қазақстан халқына қорының» гранты сияқты әртүрлі гранттар бар. Осы жеңілдіктерге шетелден келген қандас студенттер категория ретінде кірмеген. Тек 4 пайыздық квотамен ғана грант конкурсына қатысады. Бірақ ұпайы жетпеген жастарға жеңілдетілген гранттар қарастырылмаған.

ҰБТ-ҒА БАЛАМА ЕМТИХАН КЕРЕК

Ендеше білім беру гранты тарихи Отанында білім алғысы келетін жастардың барлығына бірдей бұйыра бермейді. Тоғыз ай дайындықтан өтсе де, ҰБТ-да Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығынан сүрінетін бала көп. Оларды шектік балл жинай алмағаны үшін кінәлай алмаймыз. Себебі қандастарымыздың 11 жыл оқыған білім беру бағдарламасы біздің елдікімен бірдей емес.

– Мен үшін дайындық бөлімі дәл батыстық ұғыммен Gap year сияқты болды. Яғни мектеп бітіріп, университетке түскенге дейін өзімді тануыма, көзқарасымды өзгертуіме, мамандық таңдауыма көп септігін тигізді. Дайындық бөліміне түсу үшін құжаттарды онлайн тапсырдым. Мүлде дайындық бөліміне түспей, сырттай курстарда оқу арқылы дайындалып, бізбен бірге ҰБТ тапсырғандар да көп. Ташкентте өзбек мектебінде оқығандықтан ҰБТ-да тарих пен оқу сауаттылығынан қиналдым. Бірақ шекті балл жинап грантқа түстім. Қазір халықаралық қатынастар мамандығында оқып жүрмін. Грант көп бөлінгенімен, барлық бала бірдей грантқа түсе алмады. Себебі ҰБТ тапсыру қазақстандық оқушылардың өзіне қиынға соғатын сынақ. Ал біз бірнеше ай дайындалып, мінсіз нәтижеге жете алмаймыз ғой, – дейді Өзбекстаннан келген студент Әсел Тәжиева.

Мемлекет тарапынан шетелдік қандастарымызға бөлінетін гранттың басты мақсаты – жастарды тарихи Отанында еңбек етуге шақыру. Бірақ бағдарлама бұл миссиясын толық атқарып жатқан жоқ. Тіпті, қанша этникалық қазақтың жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін елде қалғаны туралы нақты статистика жүргізілмеген. Әселден «Оқу бітірген соң Қазақстанда қаласың ба?» деп сұрадық.

– Егер мамандығым бойынша жұмыс табылса, Қазақстанда қалар едім. Бірақ мұнда жұмыс табу өте қиын. Танысың болмаса, өзің қалаған қызметке кіре алмайсың, – деді ол.

Иә, мемлекет тарапынан грант бөлінсе де, бюджет қаржысына оқып шыққан студенттерге жұмыс тауып беру бойынша арнайы мүмкіндіктер қарастырылмаған. Білім сарапшысы Аятжан Ахметжанұлының айтуынша, студенттердің басым бөлігі жұмыс таппаған соң, елдеріне қайтып кетеді.

– Жыл сайын этникалық қазақтарға арналған гранттар толық игерілмейді. Мұның басты себебі – үгіт-насихат жұмыстарының жүйелі жүргізілмеуінде. Екіншіден, Қытайдан қаншама жас дайындық курсына келіп оқығысы келсе де, виза рәсімдей алмай отыр. Сондықтан мемлекет тарапынан жобаны нәтижелі жүзеге асыру үшін виза мәселесін де жеңілдету керек. Пандемия кезінде шеттегі қазақ жастарын онлайн оқытып көрдік. Бірақ онлайн білім алуға барлығының бірдей жағдайы келмейді. Мемлекеттік идеология болмағаннан кейін грантпен оқыған студенттердің барлығы елімізде еңбек етіп қалмайды, – дейді білім сарапшысы.

Ал Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменованың пікірінше, этникалық қазақтар үшін халықаралық емтихандарға сәйкес бола алатын ҰБТ-ның баламалы емтиханын енгізуді қарастыру қажет.

– Сонымен қатар дайындық курстарын тілдік курстарға өзгертуді ұсынамыз. Екіншіден, этникалық қандастарымызға Болон процесі және академиялық ұтқырлық стипендиялық бағдарламасы аясында магистратура мен докторантураға жеке квота бөлуді қарастыру керек. Қазір осы бағдарлама бойынша қандастарымыз барлық шетел азаматтарымен бірдей дәрежеде қатысады. Сонымен қатар академиялық ұтқырлық бағытымен Еуропа мен ТМД елдеріндегі этникалық қандас студенттер алмасу үшін квота бөлуді қарастыру керек. Бұл квота қысқа уақытта тарихи Отанын жақсы білуге және қазақ тілін үйренуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, қазақ диаспорасы көп шоғырланған елдерден үкіметаралық білім беру гранттары аясында этникалық қандастарды барынша тарту қажет, – дейді депутат.

Ендеше бірегей бағдарламаны нәтижелі жүзеге асыру жолында түрлі кедергілер бар. Уақыт өткізбей шешімін тапсақ, арнайы білім квоталары да игерілмей қалмас еді.

АРАЛАС МЕКТЕПТЕР АЛАҢДАТЫП ТҰР

Елімізде жыл сайын тіл мәртебесін арттыру жөнінде келелі кеңестер, жаппай жиындар өтіп, көптеген бағдарлама қабылданады, қыруар қаржы бөлінеді. Ал болашақ ұрпақтың мемлекеттік тілде білім алуына қаншалықты көңіл бөліп жүрміз? БАҚ беттерінде, әлеуметтік желілерде аралас мектептер туралы мәселелер аз көтеріліп жүрген жоқ. Осы ретте еліміздегі қазақтілді және аралас мектептер төңірегінде біршама зерттеу жүргізіп көрдік.

Наурызбек САРША

Қазақ даласын алғаш отарлау басталған кезеңде аралас мектептер қазақ жастарын орыстандыру, тілінен, ділінен айыру үшін қолданылған саяси бағдарлама болғанын тарихтан жақсы білеміз. Ең алғашқы аралас мектеп XIX ғасырда Перовскіде ашылған болатын. Сырдария губернаторы орыс-түзем мектебіндегі орыс тілін меңгеріп жатқан қазақ балаларын бақылауға келгенде тапсырманың орындалып жатқанына қанығады. Ал сыныптан шыға сала, бір-бірімен қазақша шүйіркелесіп жүрген балаларды көріп, қара домалақтарға орыс балаларды қосады. Осылайша, аралас мектептер отарлық саясаттың негізгі күшіне айналған. Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметұлы 1937-1938 жылдары елімізде 478 аралас мектеп болғанын айтып, «Аралас мектеп – отарлық саясаттың классикалық түрі» деген қорытынды жасайды. 1940-1941 жылы елімізде аралас мектеп саны 841 болып, екі есе өссе, 1954-1955 жылдары 1 228-ге жетіп, үш есе көбейді. КСРО-ның дәуірлеп тұрған кезеңі XX ғасырдың 70 жылдары Қазақстанда 1 689 аралас мектеп болыпты. Сол 60-80 жылдары елде 700-ден астам қазақ мектебі жабылып, Алматыда тек бір ғана қазақ мектебі ғана қалатын деңгейге жетеді. Тек 1986 жылы ғана белгілі сатирик Шона Смаханұлының бастамасымен қазақ мектептері қайтадан ашыла бастады. Ал бүгінгі таңдағы білім ошақтарындағы ахуал қандай?!

АРАЛАС МЕКТЕПТЕР 1937 ЖЫЛДАН БЕРІ БЕС ЕСЕДЕН АСТАМ КӨБЕЙГЕН

Еліміздегі аралас тілді мектептердің соңғы 6-7 жылдағы жағдайына қарасақ, 2016 жылы – 2 045 мектеп, 2017 жылы – 2 037 мектеп, 2018 жылы – 2 046 мектеп, 2019 жылы – 2 054 мектеп болған. Ал 2020 жылы аралас тілді 2 043, 2021 жылы 2 047 мектеп болса, өткен жылы бұл көрсеткіш 2 778-ге бір-ақ қарғыпты. Демек, 2016 жылмен салыстырғанда осындай мектептерде оқитындардың өсу тенденциясы әжептеуір қарқын алған. Еліміздегі аралас мектеп басым өңірлер қатарына Алматы, Ақтөбе және Түркістан облыстары жатады екен.

2010 жылы Қазақстандағы мектептердің 68,5 пайызы қазақтілді болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 51,2 пайызға дейін құлдыраған. Сол 2020-2021 оқу жылында елордада қазақ сыныбында – 108 мың, орыс сыныбында 85 мың бала оқыған екен. Өңірлер бойынша сол жылы Шымкентте қазақ сыныбында – 152 мың, орыс сыныбында – 54 мың бала білім алыпты. Ал Алматыда қазақ сыныптарындағы 140 мың оқушы оқыса, орыс сыныптарында 153 мыңнан басым болып шықты. Ақмола облысында да сол, 555 жалпы білім беретін мектептің 157-сі ғана қазақша, 217-сі аралас болған.

Ұлттық бюро статистикасының мәліметіне сүйенсек, елде қазақтардың жалпы саны 14 млн-ға жуықтап, 70,65 пайызға жетіп отыр. Орыс ұлты 3 млн адам, яғни Қазақстан халқының 15,2 пайызын құрайды. Кеңес одағында 1989 жылы жүргізілген халық санағы бойынша 39,7% болған қазақтар саны тәуелсіздік жылдары екі есеге өсіп отыр деген сөз. Қазақтардың демографиялық өсімі қуантқанымен, елдегі аралас мектептердің статистикасы көңіл көншітерлік емес. Былтырғы жаңа оқу жылында 3,7 миллион баланы қамтитын 7 637 мектеп жұмыс істеп, оның 3 738-і қазақтілді, 1 121-і орыстілді, 2 778 аралас мектеп болған. Қазақтілді мектеп – 49 пайыз, орыстілді мектеп – 15 пайыз, ал қазақ және орыс тілдерінде білім беретін мектеп 36 пайызды құраған.

Ал бүгінгі таңда Оқу ағарту министрлігінің мәліметіне сәйкес, барлық мектеп саны 7 724 болса, оның 3 957-сі – қазақ тілінде, 1 203-сі – орыс тілінде, аралас тілде – 2 551 мектеп бар екен. Жоғарыда 1937-1938 жылдары елімізде 478 аралас мектеп болғанын айттық. Қазіргі оның саны 2 551-ге жетсе, яғни 1937 жылдан бері аралас мектептер санының бес еседен астам өскендігі байқалады. Осы ретте «Аралас мектеп ада қазақтар мен шала қазақтардың жыл асқан сайын еселене көбеюінің фабрикасына айналып кетті», – деп ғалым Мекемтас Мырзахметұлының дабыл қағуы орынсыз емес екендігіне көзімізді жеткіземіз. Себебі елімізде 70,6 пайыз қазақ тұратынын ескерсек, орыстілді мектептер мен аралас мектептердің шәкірттерінің басым бөлігі қазақ балалары екенін бағамдау қиын емес.

БІРІНШІ СЫНЫПТАҒЫЛАРДЫҢ 70%-Ы ҚАЗАҚ ТІЛІН ТАҢДАҒАН

Қазақта «Күн шықпаймын десе де, таң атпасына қоймайды» деген сөз бар. Соңғы уақытта елімізде қазақтілді мектепке деген сұраныс артып келетінін айтпай кетпеске болмайды. Күні кеше Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өңірлердің жаңа оқу жылына дайындығы қаралды. Онда Оқуағарту министрі Ғани Бейсембаев 1 қыркүйектен бастап 7,7 мың білім беру ұйымында 3,9 млн бала білім алатынын, олардың 364 мыңы бірінші сыныпқа баратынын айтты. Сонымен қатар биыл балалардың 68,2 пайызы мемлекеттік тілде оқуды таңдағанын мәлімдеді. Еске салайық, 2021 жылы балалардың 64 пайызы қазақ тілінде білім алуды таңдаған болатын. Яғни, мемлекеттік тілге деген сұраныс артып келеді деуге негіз бар. Бұған бірнеше себепті атауға болатындай. 2019 жылға дейін мектеп түлектеріне грант бөлгенде 50\50 қағидаты сақталғанымен, тек жуырда ғана тілге қарап бөлмей, жалпы ҰБТ қорытындысы бойынша қабылдау жолға қойылды. Соның нәтижесі елімізде қазақтілді мектептердің сапасы жоғары екенін тайға таңба басқандай дәлелдеді. Мемлекеттік гранттың 70-80 пайызын қазақ сыныптарының түлектері иеленуде. Тіпті, 200 мыңнан астам өзге диаспораның баласы қазақ мектебінде оқып жатыр. Яғни өзге ұлттардың өзі мұндағы келешек қазақ тілімен тығыз байланысты екенін түсіне бастаған.

Қазақстанда тәуелсіздік алғалы бері 60 мыңнан астам бала мектепті алтын медальмен бітірген болса, соның 50 мыңнан астамы – қазақ мектептерінің түлектері. Халықаралық олимпиадаларда 70 мыңдай медаль алған оқушылардың 60 мыңға жуығы – қазақ мектептерін оқыған, бітірген балалар екен. Осыған қарап, қазақтілді мектептердің білім сапасы орыстілді мектептерден кем деген қасаң қағиданың күл-талқаны шығатынына көз жеткізуге болады.

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДА ОРЫС ТІЛІНДЕГІ МЕКТЕПТЕР ЖАБЫЛДЫ

Ұлытау облысында барлығы 88 мектеп бар. Өткен оқу жылында мұнда барлығы 39 601 оқушы оқыған. Соның 19 153-і – қазақ, 18 795-сі – аралас, 1 653-і орыс мектептерінде білім алған. Бұл – былтырғы көрсеткіштер. Биылғы ахуал мүлде басқа. Жаңа оқу жылын Ұлытау облысының білім беру ұйымдары таза орыс тілінде сабақ жүргізетін бірде-бір мектепсіз бастамақ. Облыста бұған дейін баржоғы үш қана орыс мектебі, атап айтқанда, Сәтбаев қаласында – 2, Қаражал қаласында 1 мектеп болған екен. Биыл бұл мектептерде алғаш рет қазақ сыныптары ашылатын болды. Таза орыс мектептерінің жойылуы – облыста былтырдан бері басталған үрдіс. Өткен оқу жылында ашылғаннан бері орыс мектебі болып келе жатқан Жезқазғандағы №26 мектепте алғаш рет қазақ сыныптары пайда болып, 1-сыныпқа оқушылар қабылданған еді. Екіншіден, облыспен аттас – Ұлытау ауданында аралас мектептердегі орыс сыныптарына құжат қабылдау мүлдем тоқтатылды. Үшіншіден, биыл облыс бойынша 4 342 бала мектеп табалдырығын аттағалы тұр. Осы балалардың 81,3 пайызы, яғни 3 519-ы қазақ сыныптарына таңдау жасапты. Ал қазақ сыныбын таңдау өткен оқу жылында 1-сыныпқа барғандардың арасында 67 пайызды құраған еді.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Осы жылы 14 маусымда өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» фракциясы мүшесі Қазыбек Иса қазақ мектептерінің ауыр жағдайына тоқталып, аралас мектеп жүйесін тоқтатуды талап еткен болатын. Ол Оқуағарту министрі Ғ.Бейсенбаевқа, Шығыс Қазақстан облысы әкімі Д.Ахметовке жолдаған сауалында Риддер қаласындағы жалғыз қазақ мектебі – шаңырағы құлайын деп тұрған «Шаңырақ» мектебінің апатты жағдайы туралы ата-аналар хатын оқыды.

Хатта белгілі болғандай, 550-дей оқушы оқитын алғашқы қазақ мектебі әйгілі Желтоқсан көтерілісінен кейін 1987 жылы қазақ мектебін ашуға деген талап күшейіп, алдымен кешкі мектеп болып ашылған. Бірақ Тәуелсіздік алсақ та, жағдай сол Кеңес одағы кезіндегіден оңалып кеткені шамалы... 550-дей қазақ баласы оқитын жалғыз қазақ мектебі өткен ғасырдың басында, 1936 жылы және 1952 жылы салынған ескі тозығы жеткен, құлайын деп тұрған жайда отыр екен.

«Риддердегі жалпы 16 мектептің 1-еуі ғана қазақша, 12-сі орысша, 3-еуі – аралас мектеп. Қазақ елінде қазақ мектебі 20 жылдан бері жаңа ғимарат сұрап зарлап келеді. Риддерде қазақша мектеп жетіспейтіндіктен, қазақ балаларына дискриммнация жасалып, оқуға жағдай жасалмай, зардап шегуде. Соның өзінде бұл қазақ мектебі білімі бойынша қаладағы ең үздік мектеп, Қазақстанның 100 мектебі тізіміне енген. «Шаңырақ» мектебіндегі 550 баладан басқа қалада тағы 700-дей бала қаладағы әр аралас мектепте оқып жатыр. Осыған байланысты халық осы өткір мәселені шешіп беруін, қазақ мектептері ашылып, жаңа ғимарат салынуын талап етуде», – делінген хатта.

Осыған ұқсас жағдай Алматы облысы Талғар ауданындағы мектептерге де тән екені талай жазылып, мәселе көтерілген болатын. Өткен 2022-2023 оқу жылында қазақ журналистері мен сондағы ата-аналар қанша жерден шулап, қарсылық көрсетсе де №25 мектеп аралас мектеп болып ашылған еді. Сонымен қатар дәл осылай Алматы қаласы, Алатау ауданынан да №209 қазақ-орыс аралас мектебі пайдалануға берілді.

Ал Қостанай облысының Фёдоров пен Денисов ауданында және Лисаковск қаласында мемлекеттік тілде білім беретін бір ғана мектеп бар екені белгілі болған-ды.

ТҮЙІН:

Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы: «Аралас мектептің санын арттыру – ұлтты ұлт ретінде жоюдың бірден-бір жолы» десе, Мұстафа Кемал Ататүрік «көп тілді, көп дінді, көп ділді мемлекеттің өмірі ұзаққа бармайды» дейді. Ендеше, ұлтымыз ұтылмасын десек, мән берген жөн-ау.

ӨМІР ЖОЛЫ – ӨНЕГЕ

Бүгінгі сөз Жақып жайында. Кәдімгі Жақып Асанов. Жақсы жігіт. Жайдары. Жан шуағы маңайына төгіліп тұрады. «Қой асығы демеңіз, қолыңа жақса – сақа тұт. Жасы кіші демеңіз, ақылы асса – аға тұт» дейді біздің қазақ. Көп қазақтан ақылы асқан азамат. Сонысымен де елге сүйікті.

Жақып Қажыманұлы туралы сөз қозғағанда, Абайдың «Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, аяқтағанынан емес» деген сөзі ойға оралады. Кейде Абай осы сөзді неге айтты екен деп ойланушы едім. Кез келген іс ниеттен басталады. Ниет дұрыс болса, қалғаны ретіне қарай жүреді. Сол секілді кез келген істі бітіруден бұрын бастау керек. Ал бастама жасау, істі бастау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Демек, Абай атамыздың сөзі – орынды сөз.

Жақып Қажыманұлының жақсы қасиеті көп. Іскер. Жауапты. Іскерлік ізденістен туады. Жауапкершілік – сүйекке сіңетін, тәрбиеден бастау алатын қасиет.

Жақып Асановтың өмір жолын көктей шолып қарағанның өзінде осы қасиеттер бірден андағайлап көрініп тұрады. С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған. Сыныптық шені – 2-ші дәрежелі мемлекеттік әділет кеңесшісі. Заң ғылымдарының кандидаты. «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медальдарымен, «Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері» омырау белгісімен марапатталған.

Университетті бітіргеннен кейін Қызылорда облыстық адвокаттар коллегиясына тағылымдамашы болып қабылданады. 1986 жылдан 1993 жылға дейін Қызылорда облысының прокуратура органдарында қызмет атқарып, Қызылорда қаласы прокурорының аға көмекшісі, облыс прокурорының көмекшісі, аға көмекшісі және облыстық прокуратураның бөлім бастығы лауазымдарында жұмыс істеді. Жас кезінен өзіне үлкен талап қоя білді. Соның арқасында еліміздің құқық саласында білгір маман болып қалыптасты.

1993 жылдан 1994 жылға дейін Бас прокуратурада Жалпы қадағалау басқармасының аға прокуроры, Жалпы қадағалау басқармасының банктер, қаржы-несие саласындағы және тексеру органдарындағы заңнаманың сақталуын қадағалау бөлімінің бастығы қызметтерін атқарады. 1994 жылдың қараша айынан 1996 жылдың қарашасына дейін Президент Әкімшілігінің заңдылық, құқықтық тәртіп және сот реформасын қамтамасыз ету бөлімінде консультант, сектор меңгерушісі болып жұмыс істейді.

1996 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Салық полициясы басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалады. 1997 жылдан 2001 жылға дейін Бас прокуратурада Бас прокурордың аға көмекшісі – Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау басқармасы бастығының орынбасары, кейін осы басқарманың бастығы, одан кейін Бас прокуратураның Мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықты қадағалау департаментінің бастығы қызметіне тағайындалады. 2001 жылғы ақпаннан 2002 жылғы ақпанға дейін Алматы қаласы прокурорының бірінші орынбасары, 2002 жылдың ақпан айынан 2003 жылдың маусым айына дейін Павлодар облысының прокуроры болып қызмет атқарады.

Жақыптың өмірлік қағидаттары осы кезеңдерде толық қалыптасты деуге болады. Адам баласы үшін Ақиқат пен Әділет – ең үлкен қағида. Осы жолда тура жүру – пышақтың жүзінде жүргенмен бірдей. Ер-азаматқа абыройдан артық капитал жоқ. Осы тұрғыдан алғанда Жақып Асановтың қолы да, ары да таза.

2003 жылдың маусым айында Жақып Әділет вице-министрі қызметіне тағайындалады. 2005 жылдан 2006 жылға дейін Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің «Атамекен» Жалпыұлттық Одағының атқарушы директорының орынбасары, «Қазақстан коммуналдық жүйелері» АҚ-ның директорлар кеңесінің төрағасы, «Ордабасы» корпорациясы» АҚ-ның президенті және директорлар кеңесінің мүшесі қызметтерін атқарды.

Жолсапар деген жақсы. Ұшақ үстінде, не қонақүйде, не болмаса кездесулерден қол босай қалып, жаяу қыдырыстайтын кездерде ұзақ сырласуға болады. Сондай бір сапардың реті биыл Мысыр және Израиль мемлекеттеріне Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың Бейбарыстың 800 жылдығына орай ресми сапарына орайласа түскен еді. Сол кезде Жақып Қажыманұлымен сағаттап сөйлесіп, сыр-сұхбат құруға мүмкіндік туды.

«Ордабасы» корпорациясы» АҚ-ның президенті және директорлар кеңесінің мүшесі болған кезімде маған жұмысты жаңаша құру тапсырылды,–дейді Жақаң. – Барлық қызметкермен танысып шықтым. Басшылық құрамда адам көп. Кімнің немен айналысатыны белгісіз. «Мыналардың жартысынан көбін босату керек» дедім корпорациядағы әріптестеріме. «Қалай?» деп олар таңғалды. Себебін түсіндірдім. «Онда солай жасаңыз» деді. «Кез келген өзіне құрметпен қарайтын фирма үміткерді түгелдей зерттеп алады. Себеп – біліксіз маманның оларға қымбатқа түсетінінде. Сондықтан бірнеше бөлімнен тұратын қатаң байқау өткізіледі. Әркім өз бағасын қояды. Осыдан кейін лайықтылар ғана қалады. Біз мұны кейін прокуратурада қолданып көрдік. Әуелде сауалнама жүргіздік. «Бізге таныс-тамырсыз жұмысқа орналасуға бола ма?». Қорытындысы таңғалдырды. Қатысушылардың 93 пайызы «жоқ, мүмкін емес» деп жауап берген. Осыдан кейін екінші қадамға көштік. Қабылдауды тоқтаттық. Республика бойынша мораторий жарияладық. Сөйтіп, жұмысты жүйелі арнаға түсірдік».

2007 жылдан 2012 жылға дейін «Нұр Отан» ХДП партиялық тізімі бойынша Парламент Мәжілісінің IV және V шақырылымдарының депутаты, Парламент Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі болды. 2012 жылдың 6 қыркүйегінде Мемлекет басшысының Өкімімен Бас прокурордың орынбасары болып тағайындалды. 2016 жылғы 25 сәуірде Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Бас прокуроры лауазымына тағайындалды. Бұған дейінгі Бас прокурор Асхат Дауылбаев қызметінен кетіп, орнына орынбасары Жақып Асановтың тағайындалуы жұртшылыққа биліктегі кезекті ауыс-түйіс тәрізді көрінгені жасырын емес. Ұзақ жыл осы салада қызмет еткен Асановтың өзіне дейінгілердің ісін әрі қарай жалғастыра беретініне ешкім күмәндана қоймаған. Алайда Жақып Асанов бұл салаға да жаңашылдық әкелді. Бас прокурор болып тағайындалғанына үш ай өтер-өтпесте «Танысын, көкең болмаса өз күшіңмен бізге орналасу мүмкін емес деген ой қалыптасты» деп мәлімдегені ел есінде. Ол 2 мың кандидаттың ішінен 120 адамды прокуратураға қызметке екі конкурспен іріктеп, ешбір тамыр-таныссыз алғанын айтқанда талай адам айран-асыр болған. Бас прокурордың прокуратура мен Қазақстанның құқықтық жүйесі туралы сын пікірлері ақпарат құралдарында жиі тарап, әлеуметтік желіде кәдімгідей таңданыс туғызды. «Төрт ай бұрын 9 мың қылмыстық істің тең жартысы заңсыз қозғалған болып шықты», «екі-үш адам бастығын «қылмыс жасады» деп көрсетіп береді, содан соң бастығын қамап, әлгілерді куәгерге айналдырады, басқа дәлел жоқ» деген Бас прокурордың сөздері әлеуметтік желіде желдей есіп жатты. Бұрын жабық саналатын мекеменің басшысы қасаң сөйлеу мәнерінен арылып, көп алдына шыққанда шешендігімен көзге түсті. Оның құқық қорғау органдарын сынағаны жұртшылықтың «ақылына сыймайтын» нәрсе еді. Қарамағындағы прокурорларды «халықпен түсінікті тілде сөйлесе алмайды» деп сөккен Жақып Асанов прокурорларды жұмысқа эссе жазу арқылы ой-өрісін тексеріп барып қабылданатынын ескертіп, көркем әдебиет оқып, тіл ұстартуға шақырады. «Аса мәнерлеп сөйлеу, құрғақ сөздер, ешкімге түсініксіз тіл. Жұрт біздің жауабымызды ұқпайды. Түсінбегендіктен БАҚ-қа, халықаралық ұйымдарға барады. Мұны қалай түзетеміз? Адамша жауап беруге тиіспіз. Оқымаған адамның өзі де бізді түсінуі керек», — деп өз ойын негіздейді Жақып Асанов. Сол кезде кейбір ақпарат құралдары прокурорлардың «кітап іздеп, кітап дүкендерін аралап жүргені» туралы жарыса жазып жатты. Прокурорлар Сингапурдың бұрынғы президенті Ли Куан Юдың «Үшінші әлемнен бірінші әлемге» деп аталатын кітабын іздеп жүріп оқитын болған.

Жақып Қажыманұлы қай салада істесе де, бірінші Жүйелілік, екінші Жобалық менеджмент, үшінші Жауапкершілік қағидаттарын ұстанады. Бұл үшін адамның көзі ашық, заманауи жаңалықтардан хабардар болуы шарт. Прокуратура қызметкерлерінің алдына шығып, «Әрбір прокурор өскісі келсе, қазіргі заманғы менеджмент технологияларын білуге тиіс. Кітап оқыңыздар, бірқатарын атап өтейін: Стивен Кови «Өте тиімді жандардың жеті қабілеті». Барлық прокурорлар осыны оқығаны жөн. Мұны оқып, өзгеретіндеріңізге, айналаға басқа көзқараспен қарайтындарыңызға сенімдімін», — дейді Жақаң. Сол кезде Бас прокурор оқуға кеңес берген кітаптардың арасында Радислав Гандапастың «Шешенге 101 кеңес» кітабы да болған екен.

Президенттің ұсынуы бойынша Жақып Асанов Жоғарғы Соттың Төрағасы қызметіне сайланды. Жақып Қажыманұлы Жоғарғы Сотта бақандай бес жыл немесе 1 823 күн жұмыс істеді. Бұл тұста саланы жемқорлық, қызметті туыс-туғандарға «үлестіру» секілді көріністер жайлаған болатын. Судьялардың қызметіне, сот істеріне биік лауазымды тұлғалардың араласуы

> *Адам баласы үшін Ақиқат пен Әділет – ең үлкен қағида. Осы жолда тура жүру – пышақтың жүзінде жүргенмен бірдей. Ер-азаматқа абыройдан артық капитал жоқ.*

немесе қоғамдық пікір арқылы қысым жасау құбылыстары белең алып тұрған. Бұған тосқауыл қою үшін судьяларға түрлі жолмен заңсыз ықпал ету мүмкіндіктерін жою керек болды. Сондықтан Жоғарғы Соттың басшылығы толық дерлік жаңартылды.

Жоғарғы Сот Төрағасы жаңа жұмысында тағы да жаңашылдығымен көзге түсті. Жұмыс тәсілін өзгертті. Сот өкілдеріне бірнеше ашықхат жазды.

«Әрбірімізді тағайындаған немесе судьялыққа ұсынған Мемлекет басшысы. Бізге мемлекет атынан сот төрелігін іске асыруды сеніп тапсырды. Сондықтан Президент алдында да, қоғам алдында да, әрбір азамат алдында да кәсіби жауапкершілік арқалаймыз. Халықтың сапалы сот төрелігіне сұранысын қанағаттандыру – біздің күн сайынғы міндетіміз. Жақындарымыз бен туыстарымыз алдында да жеке жауаптымыз. Судья ретінде де, тұлға ретінде де олардың алдында арымыз таза, беделіміз кіршіксіз болуы тиіс. Сондықтан сіздерге өтініш – кеңесу бөлмесінде қалып, сот шешімін шығарғанда тым болмаса: «Мен заңды және ар-ожданды басшылыққа аламын» деп бір рет іштей қайталаңыз.

Міне, осындай мазмұндағы хаттар сот төрелігін атқаратын лауазым иелерінің санасына қатты әсер етті. Әсіресе, Жоғарғы Сот Төрағасының бұқарамен ашық байланысқа шығуы бастапқыда тосын көрінген.

«БАҚ-та, әлеуметтік желілерде біз туралы, мен туралы әртүрлі әңгіме бар. Шешімдерімен құқықты қалпына келтірген, әділ ақтаған судьялар жайлы да жақсы пікір көп. Сын да бар, негатив те бар. Тіпті, мен реформатормын ба әлде ұраншыл, сөзінен ісі аспайтын демагогпін бе деген сұрау жүргізілген екен. Мұның барлығына түсіністікпен қараймын. Мұны мен дұрыс жаққа бағыт сілтейтін, қолға алған шараларымыздың дұрыс-бұрыстығын көрсететін компас ретінде қабылдаймын», – деп мәселені төтесінен қояды. Сондай-ақ Жақып Асанов қазақстандық сотқа қаржылық тәуелсіздік алып берді. Екінші жетістігі – судьялардың жұмысы жеңілдеді. Асанов тізгінді алғанға дейін соттар тау болып үйілген істердің астында еді. Істер саны 20 жыл бойы тек өсумен болды. 2018 жылы шырқау шегіне жетті: бір жылда судьялар 4,5 млн істі қараған. Күніне 20 мың іс келіп түсетін. Әрбір судья күніне 11 істі, ал Алматы мен Астанада – 50 істі қарайтын.

«Біз арқылы миллиондаған адам мен бизнестің тағдыры өтеді. Өткен жарты жылда аудандық, қалалық судьялар 1,8 млн 800 мың іс пен материалды шешкен. Жұмыс күндеріне бөлсек, әрбір күн судьялар нақты қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер мен материалдар бойынша 13,5 мың шешім қабылдады деген сөз. Әрбір судья орта есеппен 7 қорытынды шешім қабылдайды. Жоғарғы Сотта 8 182 шешім қабылданған. Күніне – 67 деген сөз. Бұл күрделі, көпэпизодты істер», – деп барлық өзекті мәселені қоғам талқысына ашық шығарады.

Мұның сыртында коррупциямен күрес аясында барлық сот залын бейнекамералармен жабдықтап, сот талқылауларын бейнетаспаға жазу, сот жұмысының заманауи форматтарын және озық электронды сервистерін енгізу міндеті алға қойылды. «Бұрын адамдардың сотқа жеке өздерінің келуі талап етілсе, қазір оны алыстан жүзеге асыруға болады» дегенді ешкім өңі түгілі түсінде көрмеген еді. IT сервис арқылы сотқа ыңғайлы және кедергісіз жол ашылды. Сот өндірісін автоматтандыру және үнемді етуге басымдық берілді. Әлемдік сот тәжірибесінің барлық мүмкіндігін қолданып, үлкен қормен жұмыс істеуді бастады. Яғни, жасанды интеллектке басымдық беру. Компьютер аз уақытта барлық сот тәжірибесі мен заңдарды реттеп, қажетті сипаттама беретін болса, бұл да бір жетістік. Бұл әзірге қиялдағы дүние болып көрінгенімен, жақын болашақта іске асады. Алдағы 2-3 жылда сот залында процестің барлық қатысушысын жинауды қажет етпейтін «виртуалды» соттар құру жоспары қарастырылды. Процеске қатысы бар азаматтар үйінде, жұмысында отырып-ақ процеске қатыса алатын мүмкіндік туды.

Жолсапарда жүргенде Жақып Қажыманұлынан сыр суыртпақтап, Жоғарғы Соттағы қызметі қалай болғанын сұраймын ғой баяғы. Сонда ол: «Біз 7 ірі жобаны топтастырып, 7 команда әзірледік. Қалыптасқан тәртіппен жұмыс істейтін мамандарды іріктеп алдық. Оларға жобалық менеджмент бойынша курстар өткіздік. Біздің айтарымыз да, талқылайтынымыз да көп болды. Соның ішінде басты жетеуіне назар аудардық. Бірінші – әділеттілік. Адамдар не көреді? Ұқсас істердің әртүрлі шешімін көреді. Бірдей қылмыс жасаған адамның біреуіне 5 жыл, екіншісіне шартты түрде 2 жыл кесіп, сот залынан босатып жібереді. Көптің көкейінде логикалық сұрақ пайда болады. Неге біреуі түрмеге қамалды, екіншісі неге босап шықты? Сот неге мұндай бассыздыққа жол береді? Анықтық жоқ жерде адамдар әділдік туралы айта ма? Қоғам соттың шешімін ғана емес, процестің өзін де бағалайды. Сотты қай кезде әділ деп таниды? Екі тараптың да жеңіске бірдей мүмкіндігі болған кезде. Судья екі тарапқа да мұқият әрі талапты бірдей қойған кезде. Сотқа қатысушылар судьяның соңғы шешіміне қатысты қанағаттанарлық түсініктеме алып, соттың өзіне деген құрметі мен сыпайылығын көрген кезде. Мұндай кезде тіпті жеңілген тарап та сот шешімін түсіністікпен қабылдайды. Қылмыстық процесті алайық. Басты сын – айыптауға бейімділік. Тергеуші материалдарды жинайды да, оны сотта дәлел ретінде мойындайды. Бұл дәлел ме, жоқ па, ол жағын айыптаушы тарап шешеді. Ал қорғаушы тараптың мұндай құқығы жоқ. Бұл – тең құқықтық принципіне қайшы. Сондықтан сарапшылар кез келген материалды дәлел ретінде полиция мен прокуратура емес, сот бекітуі тиіс деп санайды. Сосын бір мәселе – сот процесіне дейін судьялар іспен таныскаңда-ақ айыпталушының кінәлілігі туралы парадигма қалыптасады. Ол айыптау міндетін бойына сіңіріп алады. Оған қорғалушы тараптың дәлелін адекватты қабылдау қиын болады. Ал екінші тараптың сөзін тыңдамаған жерде әділдік бар ма? Оған қоса, біздің айыптау актілеріміз үзілді-кесілді, бір мағыналы – жасады, қылмыстық ой болды, ұрлады деген сияқты кілең етістіктерден тұрады. Халықаралық соттарда басқаша стиль қалыптасқан. Айыпталушы тараптың әрекеті басқаша сөздермен сипатталады: болжау, мәлімдеу, бекіту тағы басқа. Мұны прайминг әсері деп атайды, яғни алғашқы нұсқа адамның (судьяның) ары қарайғы әрекетіне және санасына әсер етеді. Бұл туралы Стивен Кови «7 дағды» еңбегінде анық жазған. Сот арқылы ақталған істің болмашы 0,2 пайыз ғана болып, айыптау үкімдерінің 99,8 пайызға жетуінің себебі осы емес пе? Сондықтан сарапшылар судьяға барлық қылмыстық істі емес, тек айыптау актісін ғана беруді ұсынып отыр. Сонда екі тарап та ашық сот процесінде өз дәлелдерін бірдей ұсына алады. Президент сотта ешқандай «кездейсоқ» адамның болмауы қажеттігі туралы нақты тапсырма жүктеді. Бұл тақырыпты судьялар да көтеріп отыр. Сұрақ төтесінен қойылды. Сотқа біз кімді және қалай іріктеп аламыз? Қатаң ережелермен ашық іріктеу жүргіздік. Корпоративтік сектордан алып, өзімізге бейімдедік. Үміткерлерді өзіміз емес, Делойт, Прайс Уотер Хауз компаниялары және Назарбаев университетінің сарапшылары бағалады. Үміткерлер өздерін кімнің бағалайтынын білген жоқ, ал сарапшылар кімге баға беріп жатқанынан хабарсыз болды. Құжаттар фамилиясыз, штрих-код арқылы берілді. 2 300 үміткердің арасынан іріктеуден 126 адам өтті. Әрқайсысына қарап, лайықты жас мамандардың өткеніне көзім жетті. Бірақ осы жұмыстарды атқару барысында өзіме жақтастармен қатар атарға оғы болмай, өшіге қарайтындар қатарын көбейтіп алдым-ау деп те ойлаймын», – деген еді.

Жақып Қажыманұлы: «Адам тағдырын конвейерге айналдырсақ, сапа қайдан болсын? Арызданып жүргендер бала-шаға, қалшылдаған қарт емес. Көбі бизнес жасап, жұмыс орындарын ашып, елге пайда келтіріп жүрген азаматтар. Кәсібін ысырып қойып, алтын уақыттарын соттасуға жұмсауда. Біреу меншігін даулайды, екіншісі қарызын талап етеді, үшіншісі еңбекақысын өндіргісі келеді. Үйдегі мәселесін сотта шешемін деушілер де көп. Ағасы інісімен, әкесі баласымен соттасып жатқан жағдай аз емес. Кәсіпкерден «жағдай қалай?» деп сұрай қалсаң, соттасып жатырмын деген сөзін жиі естисің. Сонда табиғатынан сабырлы, жанжалды жақтырмайтын халқымыз дауға құмар болып кеткені ме? Басымыз піспей қалса, дереу сотқа жүгіреміз. Қит етсек сол. Екі арадағы дауды сахнаға шығарып, айқай-шумен шешкіміз келеді. Бітімге келу, татуласу, келісу мәдениетіміз қайда жоғалып кетті? Сотқа арызды бермей жатып, таныс іздей бастаймыз. «Сотта ағам бар, көкем бар» деп қорқытамыз. Сондағы мақсат – әділдік емес, оппоненттен өш алу, абыройын айрандай төгу....Билер сотының түпкі мақсаты – екі жақты татуластыру, табыстыру болған. Дауды тек сот шешеді деген көзқарас бізде қатып қалған. Кейде басында ашуға беріліп, сотқа жүгініп, кейін басылып, «қатты кеткен жоқпын ба, алдыма келсе шешу жолын іздер едім ғой» деп жатамыз. Соттар осындай бейбіт жолды көрсететін, ұрыс-керіссіз, бір-бірін тыңдап, бір мәмілеге келуіне жағдай жасайтын алтын көпір болуға тиіс. Сот, әкімдер, Ассамблея, партиялар болып осыны қолға алсақ. Қай кезде де сөзге тоқтаған халықпыз ғой. Бітімнің, татуласудың бар пайдасын жылы, сүйегіне өтетіндей, жүрегіне жететіндей сөздермен айтып үйренсек, онда қоғамда шағым да азаяды, жалпы ахуал да жақсарады. Соттасып, тартысып, араздасып жүрген адамдарда қандай көңіл болсын? Айтысып жүрген ағайындарымызды компромисске келтіретін, бітімге шақыратын, оның артықшылығын, ұтымды жағын ашып көрсететін, сотқа жеткізбей татуластыратын бір тиімді құрылым жасасақ, оған мықты мамандарды дайындасақ – медиатор, психолог, конфликтолог, отставкадағы судьяларды және сөзге шешен, ойы жүйрік, халықпен тікелей сөйлесе білетін, тілін табатын, көндіре алатын тұлғаларды тартсақ қайтеді деген ұсыныс тастадым», – деп дау-дамайды шешудің халықтық тәсілін енгізуге бастамашы болғанын баяндады.

Жоғарғы Сот Төрағасы лауазымында Жақып Асанов Қазақстанда ең бірінші болып мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына – әріптестеріне хат жазу тәжірибесін енгізді. Ол Жоғарғы Сотқа келген сәтінен бастап коммуникация мәселесіне басым назар аударады. 8 айлық жұмысының ішінде ол 5 хат жазды. Олардың әрқайсысының нақты тақырыбы мен міндеті бар. «Аз жасалған жоқ, бірге жалғастырамыз!» деп аталатын бірінші хат 2017 жылдың 20 желтоқсанында жазылған. 2017 жылдың 28 желтоқсанындағы екінші хаты «Қазақстанның адвокаттары мен прокурорларына» деп аталған. Бұл хаттарда Ж.Асанов соттардың жұмысын жақсарту үшін ашық сұхбат бастауды ұсынады. «Не істейміз, не істейтін боламыз және неліктен?» деп аталатын үшінші хат 2018 жылдың наурызында жазылған. Онда Ж. Асанов сот жүйесін жаңғырту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жайында баяндайды. 2018 жылдың 26 сәуірінде жазған бесінші хатында сот жүйесін жаңғырту жайындағы әңгімесін одан ары жалғастырған. Сот актілерінің сапасына ерекше назар аударып, үздік сот актілері байқауының басталғанын және оның мақсатын жан-жақты ашып көрсеткен. «Сізбен біздің жауапкершілігіміз жайында. Кәсіби әрі жеке» деп аталатын бесінші хат 2018 жылдың 13 тамызында жазылған. Онда Жоғарғы Сот Төрағасы судьяларды сот әділдігін шығару барысында заң мен ар-ожданды басшылыққа алуға шақырған. Ж.Асановтың барлық хаты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған.

Биылғы 24 қаңтар күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жақып Асановты Сенат депутаты етіп тағайындады. Сенаттың жалпы отырысында палата төрағасының орынбасары болып Жақып Асанов сайланды. Оның кандидатурасын Мәулен Әшімбаев ұсынған. Депутаттар Жақып Асановты бірауыздан қолдады. «Сенімдеріңіз үшін рақмет. Бұл – үлкен жауапкершілік. Мен оны түсінемін. Сол себепті өз міндеттерімді атқару үшін бар білімім мен тәжірибемді жұмсауға дайынмын», – деді Жақып Асанов.

Бүгінгі сөз соңын заңғар жазушы Әбіш Кекілбайұлының «Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ» деген аталы сөзімен түйіндегенді жөн көрдік.

Нұртөре ЖҮСІП,
сенатор

ТӨЛЕМ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТҮЙТКІЛ

Тараз қаласында еңбек демалысынан оралған ұстаздар шу шығарды. №28 мектептің мұғалімдері «тамыз айында істеген жұмысымыздың өтемін толық ала алмайтын болдық» деп шырыл қағуда. Олардың айтуынша, оқу ордасының басшылығы мектепте құрылыс жұмыстары жүріп жатқандықтан, ұстаздарға тек айлық жалақы төленетінін айтыпты. Осылайша, ағарту саласының мамандары санаттарына тиесілі қосымша ақыдан қағылмақ. Ал ең қызығы, оларға бұл жағдайды мектеп директоры мүлде ескертпеген көрінеді.

Саятхан САТЫЛҒАН

– Тамыз айы басталғаннан көше кезіп, сыныптарға оқушы толтыру үшін бала жинаумен болдық. Алайда қазір бізге еңбегімізді тек жалақы түрінде төлейміз деп отыр. Біз бұған қарсымыз. Себебі барлығымыздың несиеміз бар. Оған қоса, жаңа оқу жылына балаларымызды киіндіруіміз керек. Бұл ұстаздардың адал еңбегіне жасалып отырған әділетсіздік, – дейді мұғалім Динара Мойлауова.

Шағымданушылардың сөзіне сүйенсек, айлық жалақының өзін №62 мектепке қаралған қаржыдан үнемделген сомадан бермек екен. Оған себеп, №28 мектепте құрылыс жұмыстары кеш басталғандықтан, жаңа оқу жылына дейін аяқталмауы мүмкін. Ондай жағдайда оқушылар басқа мектепте білім алуға мәжбүр болмақ. Ал 11 күн бойы мектепке оқушы жинаған мұғалімдердің еңбекақысын толық төлеуге қатысты Тараз қалалық білім бөлімі мен мектеп басшылығы екі түрлі жауап айтып отыр.

– Мектепте күрделі жөндеу жұмыстары басталар алдында директорларға түсіндіру жұмыстарын жүргізгенбіз. Олар соны ары қарай ұстаздарға түсіндіруі керек болатын. Ал мектеп басшылығы ол жұмысты тиісті деңгейде атқарды ма, жоқ па, оны айта алмаймын.

Жаңа оқу жылына санаулы күндер қалды. Оған дейін құрылыс жұмыстары аяқтала ма, жоқ па, оған қатысты да беретін нақты жауабым жоқ. Десе де, қолдан келгенше мектепті жаңа оқу жылына дайындауға жұмыла күш салып жатырмыз, – дейді қалалық білім бөлімі басшысының орынбасары Гүлбану Мәлібекқызы.

Ал №28 орта мектептің директоры Светлана Богданова мұғалімдердің шағымын байыбына бармай байбалам салу деп отыр.

– Біз ешқандай мұғалімді қинап, жұмысқа шақырған жоқпыз. Құрылыс жұмыстарына да жұмылдырған емеспіз. Тек кейбір ата-ана мектеп құрылысы бітпей жатуына байланысты баласының құжатын алып кетуге келгенде соларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін ұстаздарға өтініш жасадым. Осындай түсіндірме жұмыстарын округте жүргізу туралы да мұғалімдерге сұраныс білдіргенім рас. Алайда қазір барлығы үйлерінде. 21 тамыз күні ғана жұмысқа шығады. Сол уақыттан бастап толықтай жалақыларын үстемеақыларымен қосып алады. Тамыз айындағы жағдай бұл тек санаулы күнге болған уақытша құбылыс. Сондықтан ұстаздарға даурығуға еш негіз жоқ.

№28 мектепте 594 бала болса, оларға 65 мұғалім тәлім беруде. Осы оқушылар мен ұстаздардың жағдайын жасау үшін 1 қыркүйекке құрылыс жұмыстарын аяқтауға бар күшімізді салып жатырмыз. Егер құрылыс бітпеген жағдайда мектептің бір бұрышынан есік шығарып, балаларды оқыта берсек деп отырмыз. Себебі үш қабатты мектепте ондай мүмкіндік бар. Құрылысшылар да сабаққа еш кедергі келтірмейтінін айтуда, – дейді мектеп директоры.

Міне, осылайша білім ордасының басшысы барлық мәселе бақылауда тұрғанын айтады. Алайда барлығы директор айтқандай ма? Шын мәнінде, мұғалімдердікі байыбын білмей салған байбалам ба? Бұл сауалмен облыстық Білім басқармасына қайырылдық.

«Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 112-бабына сәйкес, бос тұрып қалу уақытын ресімдеу тәртібі және бос тұрып қалу уақытына ақы төлеу талаптары еңбек, ұжымдық шарттармен айқындалады, егер бос тұрып қалуды ресімдеу тәртібі еңбек, ұжымдық шарттарда көзделмесе, онда бос тұрып қалудың басталуы бос тұрып қалу себептері көрсетіле отырып, жұмыс берушінің актісімен ресімделеді.

Жұмыс берушіге және жұмыскерге байланысты емес себептер бойынша бос тұрып қалуға ақы төлеу жалақының ең төмен мөлшерінен кем болмайтын мөлшерде, ал жұмыс берушінің кінәсінан болғанда – жұмыскердің орташа жалақысының кемінде елу пайызы мөлшерінде белгіленеді. Жұмыскердің кінәсінен жол берілген бос тұрып қалу уақытына ақы төленбеуге тиіс.

Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағының 10-тармақшасына сай, бос тұрып қалу дегеніміз – экономикалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, өзге де өндірістік немесе табиғи сипаттағы себептер бойынша, сондай-ақ төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген, төтенше жағдай жарияланған жағдайларда не мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының шешімі бойынша өзге де шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде жұмысты уақытша тоқтата тұру.

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Осы ретте жұмыскерлерге заңнамада көзделген кепілдіктерден де оңтайлы жағдай жасау мақсатында «Жамбыл облысы әкімдігінің Білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімі» ММ мен «Жамбыл облысы білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының Тараз қалалық комитеті» арасында 2021 - 2023 жылдарға жасалған Ұжымдық шартпен, тараптар – жұмыстың жұмысшы кінәсынан болмай тоқтап тұрған күндері үшін қызметкерлерге, қосымша және үстеме ақыларсыз, жалақы мөлшерінде ақы төленетінімен келіседі.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде мекемеде (мектеп, балабақша) күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген кезеңде қызметкерлердің еңбекақысы қосымша төлемдер мен үстемеақыларды есепке алмай, ағымдағы жалақысы көлемінде жүргізіледі» деген басқармадан ресми жауап алдық.

Жалпы, мемлекеттік мекемелердің осындай жаңылтпаш жауап беретініне етіміз үйренген. Алайда басқарма сөзінің де жаны бар. Егер мектеп жұмысы жұмыс беруші есебінен тоқтамаған жағдайда оларға тек бір айлық жалақылары төленетіні заңда көрсетіліп тұр. Демек, ұстаздардың жанайқайы толықтай заңды дей алмаймыз. Алайда №28 мектептің құрылыс жұмыстары қыркүйек айында бітпесе, балалар қайда оқиды? Ұстаздардың жұмысы не болмақ? Мектеп директоры айтқандай, құрылыс пен оқу процесі қатар жүре беруге мүмкіндік бар ма?

Білім басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, егер мектеп құрылысы дер кезінде бітпесе, балаларды №20 мектепке тасымалдап оқыту жоспарланып отыр екен. Ал ұстаздарға қатысты мәселе әлі шешілмепті. Егер оқушылар тасымалданып оқытылатын болса, мұғалімдер де бірге барып оқу барысын жүргізе береді деген жоспар бар.

Міне, осылайша жаңа оқу жылына байланысты жағдай ұстаздардың да, оқушылардың да жанына батып тұр. Сондай-ақ бұл мәселе билік өкілдерінің де бас ауруына айналғандай. Әкімдіктен білгеніміз – биыл Тараз қаласы бойынша 7 мектептің құрылысы жүріп жатса, соның тек үшеуінің ғана құрылысы қыркүйек айында аяқталады. Қалған төрт мектептің құрылысы бітпейтіні анық. Оның қатарында №28 орта мектеп те бар. Құрылыстың кешеуілдеуіне серіктестіктің жұмысына салғырт қарауы себеп болуда. Тараз қаласы білім бөлімі тарапынан жауапсыз мердігердің үстінен хаттама толтырылып, айыппұл да салынған екен. Алайда одан жұмыс түзелмеуде. Сондықтан жауаптылар құрылыс жұмыстарын жоспарлы кезеңде бітірмеген мердігерлерді сотқа беруге шешім қабылдауда.

Әрине, мұндайда батыл шешімдер қабылданғаны дұрыс. Алайда қыркүйекте құрылысы аяқталмайтын төрт мектептің оқушылары мен ұстаздарының жағдайы не болмақ? Олар қайда барып паналайды? Ертең ата-аналардан арыз-шағым қарша борап, №28 мектептегідей ұстаздар көшеге шығып жатса қайтеміз?

Оған қоса, биыл құрылысы басталған бір балақшаның да жөндеу жұмыстары жоспарға сай аяқталмайтыны анық болды. Бұл «жығылғанға жұдырық» болатыны тағы анық.

Мұның барлығы «бәке» мен «жәкеңің» кесірі екені әркімнің іші біліп отыр. Мемлекеттік конкурс жарияланғанда «көкесі» мен «әкесі» барлар тендерді иемденіп, соңы осындай кикілжіңге апаруда. Сондықтан шырмауықтай шырмалған тендер былығының тамырына балта шаппаса, мұндай жағдайдан көз ашпасымыз анық. Сондықтан билік басындағылар ең болмаса білім саласындағы мемлекеттік конкурста «бармақ басты, көз қыстыға» жол бермесе екен деп тілеймiз.

Жамбыл облысы

Аспандап тұрған әуебилетіне шамасы жетіңкіремейтін қарапайым халық амал жоқ, ескі вагондардың азабын шегіп, жол жүруге мәжбүр. Дамыған елдер жасанды интеллект көмегімен өндірісті автоматтандырып, енді бірі жасанды жолмен жауын жауғызып жатқанда, әлемдік нарыққа жылына 80 миллион тоннаға дейін қара алтын экспорттап отырған Қазақстан үшін апатты вагондар проблемасын әлі күнге дейін шеше алмай отыруы – үлкен сын.

ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕДІ

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Ольга Борисова – жиі жол жүретін атыраулық. Жақында ғана ол жазғы демалысын отбасымен Шымкентте өткізіп келген.

– Қапырық пойыздағы жағдай демалысымның шыркын бұзды. Біз 14 шілде күні №30 «Алматы – Атырау» пойызымен үйге оралдық. Купе класындағы 7-вагонға міндік. 1982 жылы шығарылған ескі вагон екен. Салқындатқыш жүйесі жоқ. Ми шыжғырардай ыстықтан қайда барып жан сақтарымызды білмедік. Балаларымен жолға шыққан жолаушыларға тіпті қиын болды. Атырауға жеткенше жолаушылар әжетхана мен ыдыс жуатын жерге кезекке тұрып келдік. Жолсерік берген орамалдарды сулап басымызға жауып келуден басқа амал болған жоқ. Жолаушылардың наразылығы туралы айтпасам да болады. Үйге жеткенше уақыт санаумен келдік. Пойыздағы азапты сөзбен жеткізу мүмкін емес, – дейді Ольга Борисова.

Осындай қапырық вагондардың зардабын тартып жүргендердің қатарында «Атырау – Дина Нұрпейісова» бағытындағы пойыздың жолаушылары да бар. «Атырау – Астрахань (РФ)» бағытындағы автожол құрылысы әлі күнге дейін жалғасып жатқандықтан, шекараға жақын орналасқан құрманғазылықтар үшін облыс орталығына қатынау өз алдына бір қылкөпір болып тұр.

– «Атырау – Құрманғазы» арасындағы такси жүргізушілері билет құнын 5 000-6 000 теңге, тіпті мереке күндері 10 мың теңгеге дейін аспандатып жібереді. Халық амалсыздан пойызға мінеді. Пойыздардағы қапырық вагондар туралы айту мүмкін емес. Оны тек көзбен көріп, сезіну керек. Вагонға кірген бойда қара терге малынып, діттеген жерге жеткенше тұншығып отырамыз. Жағдайды бақылауға алатын атқамінерлеріміз қайда? Олар өздері пойызға мініп көрді ме екен, – дейді атыраулық Самал Өтепова.

Жол азабын тартып жүрген жолаушылардың жанайқайын әсіресе әлеуметтік желілерден жиі кездестіруге болады. Бірақ сыни пікірлердің бәрі бірдей құзырлы органдардың назарына іліге бермейді.

Жақында Атырауға Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев жұмыс сапарымен келді. Министрмен кездескен журналистер сол кезде қапырық вагондар мен вагон жетіспеушілігі мәселесін көтерген болатын. Соның бірі – жыр болған «Атырау – Маңғыстау» бағытындағы пойыз.

Министр Марат Қарабаев аталмыш бағыттағы пойыз вагондары әзір жаңартылмайтынын кесіп айтты.

– Вагон жетіспеушілігі жолаушылар вагондарының тозуына байланысты туындап отыр. 2023 жылы Қазақстан темір жолы үшін 57 вагон сатып алынады, оларды Петропавл қаласындағы отандық қазақстандық ЗИКСТО зауыты шығарады, ал 2024 жылы тағы 100 вагон сатып алу жоспарда тұр, – деді министр.

Егер қаржыландыру мәселесі шешілсе, жоғарыда аталған 100 вагоннан басқа тағы 157 вагон сатып алынады. Бірақ бұл – оптимистік сценарий ғана.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының мәліметіне қарағанда, 2023 жылдың II тоқсанындағы жағдай бойынша, елімізде пайдалану мерзімі 30 жылдан асатын вагондардың саны 578 екен. Компания меншігінде қазір 2000-нан астам вагон бар. Кеңестік жолаушылар вагондарының негізгі көлемін қолданыстан шығару 2030 жылға қарай жоспарланып отыр. Қалған бөлігі 2035 жылы толықтай қолданыстан шығарылады.

Ақпарат үшін айта кетсек, 2010-2022 жылдар аралығында 1 224-тен астам вагон, оның ішінде 676-дан астам «Тальго» вагоны сатып алынған.

Саралап келе айтарымыз, қазақстандық жолаушылардың қапырық вагондардан толық құтылуы үшін әлі 10 жылдан астам уақыт күте тұруына тура келеді. Сондықтан әсіресе жазғы маусымда жолға шығарда дымқыл орамал мен желпуішті пана етуден басқа амал болмайын деп тұр.

Объявление о результатах открытого тендера, и проведении закупки товаров «Офисное программное обеспечение» способом повторного открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке товаров «Офисное программное обеспечение» несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, объявляется повторный открытый тендер по закупке товаров «Офисное программное обеспечение». (Количество лотов – 1, на общую сумму 134 685 412,08 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 24 августа 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:00 часов 24 августа 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

«Офистік бағдарламалық қамтамасыз ету» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Офистік бағдарламалық қамтамасыз ету» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты «Офистік бағдарламалық қамтамасыз ету» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 1, жалпы сомасы 134 685 412,08 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарлардың тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 24 тамызда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 24 тамызда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление о проведении закупки товаров «Материалы по охране труда и технике безопасности» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товаров «Материалы по охране труда и технике безопасности» (Количество лотов – 18, на общую сумму 456 615 654,56 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 01 сентября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:00 часов 01 сентября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

«Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша материалдар» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша материалдар» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны – 18, жалпы сомасы 456 615 654,56 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарлардың тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 01 қыркүйекте, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 01 қыркүйекте, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Астана теміржол вокзал кешені» филиалы коммерциялық қызмет үшін Нұрлы жол теміржол вокзал кешенінің алаңдарын бірыңғай операторға мүліктік жалға алу (жалға беру) бойынша ашық конкурсты 2023 жылдың 29 тамызында өткізуді жоспарлайды.

Барлық ақпарат «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының www.railways.kz сайтында «Теміржол вокзалдарындағы алаңдар мен үй-жайларды мүліктік жалға беру (жалға алу) тәртібі» бөлімінің «Инфрақұрылым» тармақшасында көрсетілген (ақпараттық хабарлама 2023 жылдың 14 тамызынан).

ҮЙ ЖИНАП, ҮЙІП АҚША ТАБАДЫ

Қазір адами құндылық та, сұраныс та заман талабына сай өзгерген. Табысы бар азаматтар үй тазалауға уақыт шығындағысы келмейді де, клининг қызметіне жүгінеді. Сәйкесінше, сұраныс бар жерде жаңа кәсіп көзі де пайда болған. Ұсынысын заң мен бизнес қағидаларына бейімдеп, клининг қызметінің арқасында миллиондап табыс тапқан жастың бірі – Нұрхан Нұрмаханбетов.

Көктем ҚАРҚЫН

ҮЙ ТАЗАЛАУ ҮШІН ДЕ КӘСІБИ БІЛІМ КЕРЕК

Ең алғаш рет клининг қызметі Англияда XIX ғасырда пайда болған. Кәсіби тазарту мамандарының бірінші тұтынушылары байлар мен ресми мекемелер еді. Аталған сұраныс ұлғая келе British Institute of Cleaning Science атты тазалау ғылымының институты құрылды. Әкімшілік, медициналық, білім беру ғимараттарының қатары көбейген сайын тазалау қызметінің сұранысы арта түсіп, жұмысты жеңілдету үшін әрі тиімділікті арттыру мақсатында арнайы машиналар ойластырылды. 1955 жылы әлемде бір дискілі машина құрастырылды, одан кейін 1969 жылы «Таски» атты жабдық құрастырылып, таза және кір суды түспен ажырататындай ерекшелікпен жасалды. Ал 1970 жылдары су ағызып қана қоймай, оны қайтадан сорып алатын құрылғылар пайда болды. Кілем секілді түкті дүниелерді жууға қолданылатын экстракторлар мен еден жуатын машиналар күні бүгінге дейін клинерлердің жиі қолданатын жабдықтары болып саналады.

Соңғы жылдары елімізде клининг қызметі кеңінен таралып, табысты бизнестің түріне айналды. Нұрхан Нұрмаханбетов жоғары оқу орнында IT мамандығы бойынша білім алған. Бірақ оқуынан бос уақытта қосымша табыс табуды жөн көрген жас кәсіпкер бүгінде жеке клининг компаниясын ашқан.

– Студент кезімде Тараз қаласындағы қымызханада да жұмыс істедім. Ал 2018 жылы Алматы қаласындағы бір клининг компанияға жұмысшы болып кірдім. Сабақтан бөлек 3 ай демалысымда сол жерде 3 жыл жұмыс істедім. Сол кезде клининг қызметіне деген халықтың сұранысының артып келе жатқанын көріп, «неге жеке компания ашпасқа?» деген ой келді. Бір жағынан, тазалықты жаным сүйеді. Екінші жағынан, бақ пен береке тазалық болған жерде болады. Қазір командамда 100-120 қызметкер бар. Клининг саласындағы білімімді жетілдіру үшін 2020 жылы Ресейден қосымша білім де алдым. Кейін командамдағы қызметкерлерді де сол жақта білім алуға жібердім. Себебі үй тазалау үшін де

кәсіби білім керек. Клининг қызметін ашамын деген адам ең бірінші жанына сенімді, еңбекқор команда жинай алуы тиіс. Сосын тапсырыс берушілермен тығыз қарым-қатынас орнатуы қажет. Мен командаға апта сайын тренинг өткіземін. Бір үйді тазалауға 6-7 сағат кетеді, – дейді Нұрхан Нұрмаханбетов.

Клининг қызметін бастауға көп қаржының қажеті жоқ. Клинингтік компаниялардың 3 түрі бар: бірі пәтер мен кеңсе тазалауға бағытталса, екіншілері коммерциялық жылжымайтын мүліктерге күн сайын қызмет көрсетуді қолға алады. Ал енді бір компаниялар қызметтің бір ғана түрін таңдайды, мысалы кілем жуу, киімдерді химиялық тазалау қызметін ұсынады. Компания үлкейген сайын оның көрсететін қызмет түрлері де артады. Сондай-ақ клинингтік компанияға арнайы кеңсе қажет емес. Тапсырыс қабылдау үшін телефонға жауапты адам болса болды. Уақытылы тапсырыс қабылдап, жұмысшыларды жөнелтіп отырса жеткілікті. Әрине, кеңсесіз фирманы елестету қиын. Уақыт өте келе тұтынушылар қатары көбейген соң, қызметкерлердің қатары да, қолданатын заттар да артады. Сол уақытта жайлы әрі қолайлы кеңсе жалдауға тура келді.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ ШЕТЕЛДЕН АЛДЫРАДЫ

Кейіпкеріміздің айтуынша, пәтер, кеңсе тазалауға тапсырыс берушілер гипоаллергенді заттардың болғанын қалайды. Үй жануарларын асыраушылар арнайы иіс кетіретін, тазартатын құралдарға тапсырыс береді. Сонымен қатар мамандарды оқытып, қай жұмысқа қандай химиялық затты пайдалануды білетіндей деңгейге жеткізу – табысты бизнестің көзі. Клинер тапсырыс түріне қарай қолданылатын құралдарды өзі біліп, таңдап, орынды істей алатын дәрежеге жетуі керек.

– Бір өкініштісі, елімізде үй тазалауға арналған кәсіби аппараттар жоқ. Сондықтан біз керекті құрал-саймандарымызды, жуатын кәсіби қоспаларымыздың барлығын Германиядан алдырамыз. Көп жағдайда адамдар үйлерін толыққанды тазаламайды. Негізі біз істеп жүрген қызметті үйде де жасай алады. Бірақ олар дәл біз сияқты үйдің қуыс-қуысын, қай жерде микробтардың көп жиналатынын аңғармайды. Сондықтан оқырмандарға айтар кеңесім – азық-түлік сақтайтын орындарды, микротолқынды пештің ішін, аспалы шамдар мен түскағаздарды да ерінбей тазалау керек, – дейді Нұрхан Нұрмаханбетов.

Клининг саласындағы кәсіби жуғыш құралдардың барлығы – шетелдік өнім. Бұл кәсіпті бастауға кір сабын мен қарапайым дезинфекциялық құралдар жарамайды. Үйдегі әр заттың өзіне тән жуғыш құралы болады.

– Күніне бізге 20-30 тапсырыс түседі. Айлық табысым 15 миллионнан кем емес. Қазір үлкен қалаларда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Үй көбейген сайын біздің клининг қызметіне деген сұраныс та артып келеді. Көбіне азаматтар бос уақытын үй жинауға жұмсағанша, пайдалы іспен айналысуды таңдайды. Сол кезде клининг қызметін шақырады, – дейді жас кәсіпкер.

Әлеуметтік желі қолданушылары «жігіт болып үй тазалағаннан ұялмайсың ба?» деп Нұрханды жиі сынайды. Бірақ кейіпкеріміз адал еңбек етуден ұялмайтынын айтты.

– Қазір жұмыс істеймін деген жастарға мүмкіндік көп. Мен біреудің ала жібін аттасам, үйде жұмыссыз қол қусырып отырсам ұялар едім. Бірақ үй тазалағаннан еш ұялмаймын. Осы кәсібімнің арқасында бауырларыма үлгі болып жүрмін. Еден жуып жүріп, анамды қажылыққа апарып келдім. Баспаналы болдым, – дейді клининг компания жетекшісі Нұрхан Нұрмаханбетов.

Иә, ізденген адам әрқашан табыстың көзін табады...

АЛЫСТАҒЫ ОҚУШЫЛАРҒА – АРНАЙЫ АВТОБУС

Әне-міне дегенше жаз маусымы аяқталуға жақын. Екі аптадан кейін оқушылар мен студенттер білім ордасымен қауышады. Алматыдай алып шаһарда ығы-жығы халықтың қайнаған тіршілігі қайта жанданады. Жаңа оқу жылы қарсаңында мектеп оқушылары үшін әзірленген жобалар да жоқ емес. Солардың бірі – «Мектеп автобусы» пилоттық жобасы.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Жоба бастауыш сынып пен мектептен шалғайда тұратын оқушыларға арналған. Оның аясында арнайы қоғамдық көлік арқылы оқушыны тұрғылықты жерінен мектепке және кері бағытта тегін тасымалдау қарастырылған. Бастама мұғалімнің қарауымен және балаларды тасымалдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жоспар бойынша бірінші кезеңге қаланың 7 ауданында орналасқан 30 мектеп таңдап алынды. Олар Алатау, Әуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу, Наурызбай, Түрксіб аудандарында орналасқан. Солардың ішінде 7 мектеп Бостандық ауданына тиесілі. Алматы қалалық Білім басқармасының мәліметінше, мектеп автобустары ең алдымен аса қажет деп тапқан аудандарға енгізіледі. Коммуналдық автопарк Білім басқармасымен бірлесіп 100 мектеп автобусын сатып алған. Автобустың 20, 30, 50 орындықтан тұратын түрлері бар. Қаладағы 8 мыңға жуық оқушыға арналған жоба негізінде тасымалдау қызметі үшін бюджеттен 1,4 млрд теңге бөлінген екен.

Ал қауіпсіздік мәселесіне келер болсақ, әкімдік өкілдерінің сөзінше, автобус техникалық талаптарға, сондай-ақ, халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сай келеді. Оқушыларға арналған автобуста қауіпсіздік белдіктері, апат кезінде шығу, өрт қауіпсіздігі жүйесі, мүгедектігі бар балаларға арналған пандус бар. Бостандық аудандық білім бөлімінің басшысы Айгүл Қасымбектің айтуынша, автобустар қаладағы тар жолды тауларға қатынайды:

– Бірқатар мемлекеттік мектеп осы жылдың қыркүйегінен бастап іске қосылатын мектеп автобустарымен қамтылады. Жобаны іске асыру үшін қалалық бюджеттен қаражат қарастырылған. Мектептер қазірдің өзінде бағыттарды, балаларды отырғызу уақытын, аялдамалар санын дайындады. Бір балаға бір орын бөлінеді, тұрақты орын болмайды. Оқушылардың қауіпсіздігі үшін мектеп қызметкерлері жауап береді. Олар балаларды үйден мектепке, мектептен үйге ертіп барады. Алдағы уақытта бұл жоба жалғасын тауып, барлық мектептерге автобус беріледі деп сенім артамыз», – дейді білім бөлімінің басшысы.

Әкімдік берген ақпаратқа сүйенсек, пилоттық жоба оқушылардың қауіпсіздік деңгейін арттыруға, яғни такси қызметін пайдаланатын немесе қоғамдық көлікпен қатынайтын балалар санын азайтуды қамтамасыз етеді. Қазір қалада 38 мыңға жуық бала мектеп автобустарына мұқтаж екенін ескерсек, тасымалдау көлігін қажет ететін мектептер әлі де көп. Осыған байланысты ата-аналар балаларының мектепке барып-келу жағдайына алаңдаушылық білдіреді.

– Қызым Қарғалы шағынауданынан «Орбитада» орналасқан мектепке қатынап оқиды. Ол жаққа №119 бағдарлы автобус жүреді. Өкінішке қарай, бұл автобуспен мектептен кешкісін қайту қиын. Себебі адам көп болады. Әсіресе, қыс айларында жарты сағат, 1 сағат көлемінде аялдамада күтіп қалады. Қыстың суығында оңай емес. Сыныбындағы 4-5 оқушы Қарғалыдан келіп оқиды. Мектеп тарапынан жекеменшік автобустар берілсе екен, – дейді қала тұрғыны Ләйлә Шакерова.

«Мектеп автобусы» жобасы алғаш рет қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы негізінде №205 мектепте пилоттық режимде басталған еді. Бүгінде жобаның екінші кезеңін іске асыру үшін қалалық Мобильділік басқармасы қала мектептеріне арнап қосымша 50 автобус сатып алуды көздеп отыр.

Алматы қаласы

РЫБАКИНА ШЕШУШІ МАТЧ ӨТКІЗЕДІ

Қазақстандық теннисші Елена Рыбакина (WTA рейтингінде 4-орын) АҚШ-тың Цинциннати қаласында өтіп жатқан турнирдің екінші айналымында латвиялық Елена Остапенкомен (20-орын) ойнайды.

Рыбакина мен Остапенко бұған дейін бір-бірімен төрт рет кездесіп, әзірге кім мықтыны анықтай алмай келеді – екі теннисші де екі реттен жеңіске жеткен, есеп – 2:2. Алайда Рыбакинаның соңғы екі матчта жеңіске жеткенін атап өткен жөн. Оның екеуі де биыл болды: ол алдымен Australian Open-де – 6:2, 6:4, содан кейін – Римдегі «Мастерсте» 6:2, 6:4 есебімен ұтқан.

Остапенконың жетістіктеріне келетін болсақ, ол қазақстандық теннисшіден 2019 жылы Линцте 7:5, 6:1 және 2021 жылы Истборнда 6:4, 6:1 есебімен басым түскен болатын. Осылайша, Елена Рыбакина мен Елена Остапенко кездесуінің жеңімпазы ертең анықталады.

К.ЕСІМ

МЕРГЕНДЕР – ІРІКТЕУ СЫНЫНДА

Әзербайжан астанасы Баку қаласында нысана көздеуден 53-ші әлем чемпионатының ашылу рәсімі өтті.

Қазақстан құрамасы барлық санатта жүлдеге таласады. Құрама сапында барлығы 26 спортшы бар. Олар тапанша, Винтовка ату және жылжымалы нысана бойынша сынға түседі. Әлем біріншілігі 1 қыркүйекте мәресіне жетеді. Осы аралықта 101 мемлекеттен келген 1 200-ден астам мерген бақ сынайды. Байрақты бәсекеде Франция астанасында келесі жылы өтетін Олимпиадаға 48 жолдама сарапқа салынып, іріктеу комиссиясына ұсынылады.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – **Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ**

Бас редактор – **Амангелді ҚҰРМЕТ**

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4338
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
aikyn.kz.gazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• **Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.**
• **Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.**
• **Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.**
• **«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.**

Кезекші редактор – Бердібек ҚАБАЙ